№ 7 бөлме. № 5 бөлменің оңтүстігінде орналасқан. Бөлме көлемі 5,10×3,75 м. Қабырғалардың биіктігі 1,80-1,88 м, қалыңдығы 75-50 см. Шығыс қабырғаның қаландыларына қарасақ, оның бірнеше құрылыс кезеңдерінен тұратыны, қабырғаға жөндеу жұмыстары жүргізілгенін байқаймыз. Әсіресе, бірнеше қабат етіп қара сұр түсті балшықтан құйылған бөлігі айқын көрініп тұр. № 5 бөлменің батыс жағында орналасқан дәліз осы бөлмеге шығатын болған. Солтүстік қабырғасына тақалған жерге шикі кірпіштен аласа келген тұғыр бағана қаланған. Оның көлемі 1,1×0,5 м, биіктігі 45 см. № 5 бөлменің есігі осы бөлмеге қарай шығатын болған, бірақ кейіннен бітеліп, орнын сылақпен сылап тастаған. Бөлменің ішкі көрінісінде басқа ешқандай құрылыс элементтері жоқ. Едені саз балшықпен сыланған. Бөлмені тазалау барысында қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері табылды.

№ 8 бөлме. № 7 бөлменің оңтүстік жағынан ашылды. Есігі солтүстігінде, № 7 бөлме жаққа қараған. № 8 бөлменің батыс жағында дәліз орналасқан. Бөлме көлемі 3,1×4 м (ШБ–СО бағытында). Қабырғаларының биіктігі 65 см-ден 148 см-ге дейінгі аралықта, қалыңдығы 50-70 см шамасында. Қабырғалар ішкі жағынан саз балшықпен сыланған. Сылақтың қалыңдығы 2 см. Бөлменің шығыс, оңтүстік және батыс қабырғалары бойында II тәріздес сыпа салынған, сыпаның кеңдігі шығыс бөлікте 80 см, оңтүстік бөлікте 178 см, батыс бөлікте 50 см. Биіктігі 30-40 см шамасында. Бөлменің басқа аумағы түгелдей саз балшықпен сыланған еденнен тұрады (1-сур.). Нивелирмен өлшегенде



еден қазбаның беткі деңгейінен 250 см тереңдіктен анықталды. Шығыс сыпада тандыр пеш орналасқан. Сыпа ішімен тандырдан екі арналы қан оңтүстік бағытқа қарай жүргізілген. Канның ұзындығы 240 см, әрбір арнасының ені 10 см, екі арнаның арасындағы қабырғаның қалыңдығы 25 см. Қан бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышында қабырға ішіне жүргізілген мұржамен жалғасады. Бөлмедегі тандыр пештің диаметрі 40 см, қабырғасының биіктігі 35 см. Пештің ауыз қуысы батыс жаққа қараған, оның ені 20 см, биіктігі 30 см. Тандырдың ауыз қуысы алдында оттық шұңқыры бар, оның көлемі 35×30 см, тереңдігі 10 см. Тандыр пештің солтүстік жағында, бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында шаруашылық мақсатта қазылған шұңқыр еден деңгейінен анықталды. Шұңқыр диаметрі 50 см, тереңдігі 60 см, қабырғасы тік, түбі тегіс келген. Ішінен мал сүйектері, қыш ыдыс сынықтары, тандыр пеш қабырғасының сынықтары шықты, шұңқыр саз топырақпен аралас толтырылған. Шығыс сыпаның шетінен бөлменің батыс қабырғаға дейін еденнен қазылған ордың орны анықталды. Ордың ұзындығы 210 см, ені 10 см, тереңдігі 10-20 см. Ор ішінің топырағын тазалау барысында жұқа ағаш тақтай қалдықтары, ағаш үгінділері шықты. Шамасы, ордың ішіне ағаштан жасалған жұқа қабырғаның түбі бекітіліп, қалқа (ширма) немесе шымылдық тәрізді үй жабдығы болғанға ұқсайды. Сыпадан орға дейінгі еденнің көлемі 1,80×1,35 м болса, ордан солтүстік қабырғаға дейінгі еденнің көлемі 2,40×0,75 м. Бөлме есігін солтүстік қабырғаның батыс



1-сур. Сарайшық. Ғимараттағы № 8 бөлме. Фотосурет: Жүніс Байғалиев

Fig. 1. Saraishyq. Room № 8 of the building. Photo: Zhunis Baigaliev

Рис. 1. Сарайшык. Комната № 8 в здании. Фото: Жунис Байғалиев



жақ шетіне орнатқан. Есіктің ені 70 см. Саман кірпіштен табалдырық салынған, биіктігі 5 см, қалыңдығы 30 см. Бөлмені топырақтан ашу барысында мыс тиындар, жылқы бейнесіндегі қола құлып, қола қоңырау, екі қыш шырағдан және қыш ыдыстардың сынықтары табылған.

Дәліздер. № 8 бөлменің батыс қабырғасының сыртында С–О бағытта салынған дәліз бар. Ол № 7 бөлменің оңтүстік шетінен басталып 6,20 м ұзындыққа дейін созылған, ені 1 м болады. Дәліздің батыс қабырғасының биіктігі 140 см, қалыңдығы 60 см. Бұл қабырға батысқа қарай қисайып тұр.

№ 8 бөлменің шетінен ғимараттың шығыс қабырғасындағы есіктің орны ашылды. Есіктің ені 1,40 м. Бұл жерде ұзындығы 5,30 м, ені 1,40 м болатын қуыс – кіреберіс дәліз пайда болған. Дәліз қабырғаларының биіктігі 84-90 см шамасында. Бұл дәліз № 8 бөлменің батыс жағындағы дәлізге дейін созылған. Ол екі дәліздің арасы шикі кірпішті қабырғамен бөлініп тұр. Осы дәліздердің оңтүстік жағынан № 9 бөлме ашылды.

№ 9 бөлме. Бұл бөлме ғимараттың алдыңғы ашылған бөлмелерінен жоғарғы мәдени қабаттан анықталды. Сондықтан уақыты бойынша кейінгі кезеңдегі тұрғынжай деп есептелінді. Бұл бөлменің есігі солтүстік қабырғасының шығыс жақ шетінде орналасқан, кіреберіс дәлізге шығатын болған. Есіктің ені 98 см, табалдырығының биіктігі 7 см, қалыңдығы 23 см. Есіктің батыс жағында солтүстік қабырғаға тақала тандыр пеш салынған. Тандырдың диаметрі 47 см, биіктігі 37 см, қабырғасының қалыңдығы 3 см болды. Қабырғасының ішкі жағына тарақ тісімен салынған өрнектер жүргізілген. Пештің ауыз қуысы оңтүстікке қараған, көлемі 20×15 см. Ауыз қуысы алдында пеш шұңқыры анықталды, оның көлемі 35×25 см, тереңдігі 5 см. Тандыр пештен батыс бағытқа қарай ұзындығы 180 см екі кан арнасы созылған, арналардың ені 16 см, аралық қабырғасының ені 16 см. Кан арналары солтүстік қабырғаның бойына ойып жасалған тік мұржаға жалғасқан. Тандырдың аузынан оңтүстік бағытқа қарай 2,65 м-ге дейін сыпаның қабырғасы созылған. Қабырғаның биіктігі 38 см, ені 20 см. Сыпаның ені 2 м шамасында. Іші топырақпен толтырылған.

Бөлменің жалпы көлемі 5,75×4,75 м. Бөлменің шығыс қабырғасының биіктігі 100 см, қалыңдығы 60 см, сарғылт түсті шикі кірпіштен қаланған. Солтүстік қабырғасының биіктігі 84 см, қалыңдығы 45 см. Ол қабырға үш құрылыс қабатынан тұрады. Оңтүстік қабырғадан екі құрылыс кезеңі байқалды. Төменгі қабаттағы қабырға қара-сұр түсті блоктан соғылған, ал жоғарғы қабаттың сарғылт түсті кірпіш қаландылары бар. Қабырғаның жалпы биіктігі 1,4 м. Бөлменің батыс қабырғасы айқын емес. Еден деңгейінде анықталған қабырғаның сұлбасы 20 см тереңдікте қазылды.

Оңтүстік қабырғадан 2,25 м, шығыс қабырғадан 1,60 м сыпаға дейінгі бөліктің бәрін еден алып жатыр. Еден саз балшықпен сыланған. Еденде оңтүстік қабырғадан солтүстікке қарай 1,20 м жерде батыс-шығыс бағытында қазылған ор анықталды. Ордың шеті шығыс қабырғаға еніп кеткен. Ор шығыс қабырғадан есептегенде 160 см ұзындықта қазылған, оның ені 20 см, тереңдігі 7 см. Бұл жерде ағаштан құрылған қалқа қабырға – шымылдық секілді интерьер бөлшегі орналасқан болуы мүмкін.

2022 жылғы қазба жұмыстарының нәтижесі ғимараттың екі параллель қабырғасы бойында қатарласа орналасқан бөлмелері мен дәліздерін ашып көрсетті [Ахметова және т.б. 2023: 39] (2-сур.). Одан басқа, ғимараттың солтүстік шегарасы анықталды. Ғимараттың ұзын келген шығыс қабырғасы № 8 бөлменің оңтүстік шетінен үзіліп, ішке кіретін есік орны, одан әрі дәліз пайда болды. Ғимарат әр кезеңде жаңартылып, құрылысына өзгерістер енгізіліп отырған. Қазбада бөлмелердің интерьері орта ғасырлық қалалар бөлмелерінің классикалық үлгісінде салынғаны



2-сур. Сарайшық. Ғимараттың 2022 жылы ашылған оңтүстік бөлігі. Фотосурет: Жүніс Байғалиев

Fig. 2. Saraishyq. The southern part of the building excavated in 2022. Photo: Zhunis Baigaliev

Рис. 2. Сарайшык. Южная часть здания, исследованная раскопками в 2022 г. Фото: Жунис Байғалиев

байқалады. Яғни, бөлменің біраз бөлігін сыпа алып жатыр. Ішіне тандыр пеш салынып, сыпа ішімен кан арналары жүргізілген. Сонымен қатар бөлмелердің бір бөлігін керме – шымылдықпен бөлгенін дәлелдейтін еденнен қазылған орлардың орны табылуы да маңызды. Тек, № 7 бөлме ішіне еш құрылыс салынбаған, бос кеңістік болды. Ол заттарын уақытша сақтауға қоятын қойма ретінде қолданылған болуы мүмкін. Кіреберіс дәліз бен № 9 бөлме ғимараттың басқа бөлмелері деңгейінен 50–60 см-дей жоғары орналасқан. Олар мерзімдеу бойынша кейінгі уақытқа жатады деп есептелгендіктен, бұл бөлмелерді тағы да тереңдетіп қазуды қажет етеді.

5 Қорытынды (Мұқтар Ә., Тұрарұлы А.)

Көлеміне, ішкі құрылымына қарағанда бұл қонақ қабылдау қызметін атқарған қоғамдық ғимарат деп қорытындылауымызға болады. Табылған жәдігерлер ішінде жылқы бейнесіндегі қола құлып фрагменті, таңба салынған шырағдан, шеңберлер ойылып алынған қой жауырындары қызығушылық тудырады. 2021 жылғы қазба кезінде № 4 бөлмеден қола қоңырау табылса, 2022 жылы № 8 бөлмеден дәл осындай қоңырау табылып отыр. Бұл керуеншілердің немесе хабаршы атшабарлардың қоңырауы болса керек. Дәліздердің бірінен қоладан жасалған шағын кір тасы табылды. Бұл жәдігердің саудагерлердің тауары өлшеміне қатысты болғаны анық. Сонымен қатар Өзбек, Жәнібек, Хызыр хандардың пұлдары бар, екі дана дирхем мен 28 пұлдан тұратын тиындар жиынтығы қазылған нысанды мерзімдеу, ақша қатынасы бойынша жақсы ақпараттар берері сөзсіз. Ғимараттың құрылысын ашу болашақта оңтүстік бағытта жалғасады. Қорыта айтқанда, мақала жазу барысында 2022 жылғы № 3 қазба орнынан қоғамдық ғимарат – ханның жалғасын қаздық деген ой түйіндедік.



ӘДЕБИЕТ

- 1 Арзютов Н. Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. на месте развалин Золотоординского города Сарайчика // Известия АН КазССР. Сер. археол. 1949. Вып. 2. С. 126–134.
- 2 Ахметова У.Т., Тұрарұлы А., Жұмабаев А.Ж. 2021 ж. ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Қазақстан археологиясы. 2022. № 2 (16). 111–120-бб.
- 3 Ахметова У.Т., Мұқтар Ә.К., Қасенов М.С., Тұрарұлы А., Жұмабаев А.Ж. Жайық бойы Алтынорда қалалары (XIII–XVI ғғ.). Алматы: Болат Медиа, 2023. 148 б.
- 4 Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г. Средневековый город Средней Азии. Л.: Наука, 1973. 393 с.
- 5 Жұмабаев А.Ж., Тұрарұлы А. Ортағасырлық Сарайшықтағы 2021 жылғы археологиялық жұмыстар // Вестник Атырауского университета. 2021. № 3 (62). 18–27-бб.
- 6 Зиливинская Э.Д. Медресе и ханака в Золотой Орде (по письменным источникам и археологическим данным) // Проблемы истории, филологии и культуры. 2011. № 2. С. 129–151.
- 7 Зиливинская Э.Д. Архитектура Золотой Орды. Ч. II. Гражданское зодчество. Казань: Отечество, 2018. 353 с.
- 8 Маргулан А.Х. Тезисы доклада «Раскопки Сарайчика» на Всесоюзном археологическом совещании 1951 года (24.04.1951 г.) // НА ИА КН МНВО РК. Д. 219.
- 9 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: Рауан, 1992. 378 с.
- 10 Петров П.Н., Муктар А.К., Биккиняев Н.Х., Жұмабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Ч. I // МАИАСП. 2022. № 14. С. 382–404.
- 11 Петров П.Н., Ахметова У.Т., Жұмабаев А.Ж. Нумизматические находки в средневековом городе Сарайчук по результатам археологических исследований. Клады. Ч. II // МАИАСП. 2023. № 15. С. 857–872.
- 12 Самашев З. Отчет о работах ЗКАЭ в Атырауской и Мангыстауской областях 1996 году // НА ИА КН МНВО РК. Д. 2463.
- 13 Самашев З. Отчет о работах ЗКАЭ на городище Сарайчик в 1998 г. // НА ИА КН МНВО РК. Д. 2500.
- 14 Самашев З. Отчет об аварийно-спасательных археологических работах на городище Сарайчик в 2003 году // Фонд Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық». 189 с.
- 15 Самашев З. Отчет о работах ЗКАЭ ИА МОН РК в 2005 г. // НА ИА КН МНВО РК. Д. 2748.
- 16 Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. Алматы: Археология, 2008. 264 б.

REFERENCES

- 1 Arzyutov, N. 1949. In: *Izvestiya AN KazSSR. Ser. arheol. (News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Ser. archaeol.)*, 2, 126–134 (in Russian).
- 2 Akhmetova, U., Turaruly, A., Zhumabayev, A. 2022. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 2 (16), 111–120 (in Kazakh).
- 3 Akhmetova, U. T., Muktar, A. K., Kasenov, M. S., Turaruly, A., Zhumabayev, A. Z. 2023. *Zhaiyk boyy Altynorda kalalary (XIII–XVI gg.) (Golden Horde cities at the Zhaiyk river region (13th–16th centuries)*. Almaty: “Bolot Media” Publ. (in Kazakh).
- 4 Belenitskiy, A. M., Bentovich, I. B., Bolshakov, O. G. 1973. *Srednevekovyy gorod Sredney Azii (A medieval city of Central Asia)*. Leningrad: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 5 Zhumabayev, A. Z., Turaruly, A. 2021. In: *Vestnik Atyrauskogo universiteta (Bulletin of Atyrau University)*, 3 (62), 18–27 (in Kazakh).
- 6 Zilivinskaya, E. 2011. In: *Problemy istorii, filologii i kul'tury (Problems of History, Philology and Culture, Journal of Historical, Philological and Cultural Studies)*, 2, 129–151 (in Russian).
- 7 Zilivinskaya, E. 2018. *Arhitektura Zolotoy Ordyy. Ch. II. Grazhdanskoe zodchestvo (Architecture of the Golden Horde. Part II. Civil architecture)*. Kazan: “Otechestvo” Publ. (in Russian).
- 8 Margulan, A. 1951. In: *Scientific Archive of the Margulan Institute of Archaeology*. D. 219 (in Russian).
- 9 Klyashtornyy, S. G., Sultanov, T. I. 1992. *Kazakhstan: letopis trekh tysyacheletiy (Kazakhstan: the chronicle of three millennia)*. Alma-Ata: “Rauan” Publ. (in Russian).



- 10 Petrov, P. N. Akhmetova, U. T. Zhumabayev A. Zh. 2023. In: *Materialy po Arkheologii i Istorii Antichnogo i Srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)*, 15, 857–872 (in Russian).
- 11 Petrov, P. N. Muktar, A. K. Bikkiyev, N. H., Zhumabayev, A. Zh. 2022. In: *Materialy po Arkheologii i Istorii Antichnogo i Srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)*, 14, 382–404 (in Russian).
- 12 Samashev, Z. 1996. In: *Nauchnyj arhiv Instituta arheologii Komiteta nauki MNVO RK (Scientific Archive of the Margulan Institute of Archaeology)*. D. 2463 (in Russian).
- 13 Samashev, Z. 1998. In: *Nauchnyj arhiv Instituta arheologii Komiteta nauki MNVO (Scientific Archive of the Margulan Institute of Archaeology)*. D. 2500 (in Russian).
- 14 Samashev, Z. 2003. In: *Fond Gosudarstvennogo istoriko-kul'turnogo muzeya-zapovednika «Saraishyk» (Scientific Archive of the Saraishyk state historical and cultural museum-reserve)* (in Russian).
- 15 Samashev, Z. 2005. In: *Nauchnyj arhiv Instituta arheologii Komiteta nauki MNVO (Scientific Archive of the Margulan Institute of Archaeology)*. D. 2748 (in Russian).
- 16 Samashev, Z., Kuznetsova, O., Plakhov, V. 2008. *Sarayshyqtyn qysh buiymdary (Ceramics of Saraichik hillfort)*. Almaty: “Archaeology”. Publ. (in Kazakh, Russian, English).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.12.2023.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 24.09.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.09.2024.





ӘОЖ 902.930 (574)
МРНТИ: 03.41.91; 03.81.51

<https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.186.206>

Тобыл бойы эпиграфикалық ескерткіштері:

кешенді зерттеулердің алдын ала нәтижелері

© 2024 ж. Жұмабекова Г.С., Дүйсенов Б.Д., Таран Н.И.,
Манапова Ә.М., Базарбаева Ғ.А.

Keywords: ethnoarcheology, expedition, Tobol, Epigraphy, tombstone, text in Arabic script, source

Түйін сөздер: этноархеология, экспедиция, Тобыл, эпиграфика, құлпытас, арабжазулы мәтін, дереккөз

Ключевые слова: этноархеология, экспедиция, Тобыл, эпиграфика, кулпытас, арабографичный текст, источник

Gulnara Jumabekova¹, Bagdat Dyussenov², Natalia Taran³, Aliya Manapova^{1*} and Galiya Bazarbayeva¹

¹Candidate of historical sciences, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: [0000-0003-2145-2615](https://orcid.org/0000-0003-2145-2615) E-mail: gdzhuma@mail.ru

²Senior Researcher, Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: [0000-0002-4313-1874](https://orcid.org/0000-0002-4313-1874) E-mail: bagdat75@inbox.ru

³Head, Denis Museum of Local History, Denisov village, Kostanay region, Kazakhstan. E-mail: my3eu@mail.kz

^{1*}Corresponding author, Candidate of historical sciences, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: [0000-0003-1091-0211](https://orcid.org/0000-0003-1091-0211) E-mail: merekeevna@mail.ru

¹Candidate of historical sciences, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: [0000-0003-4755-9007](https://orcid.org/0000-0003-4755-9007) E-mail: galiya2002@gmail.com

Epigraphic monuments of the Tobol river region:

preliminary results of a comprehensive study

The article presents the results of field research conducted in the Denisovsky, Kamystinsky, and Zhitikarinsky districts of Kostanay region as part of a study on the population's use of the natural and ecological niche during various epochs, based on the analysis of historical and cultural heritage objects in the southern part of the Kazakh Tobol region. The aim is to determine the importance of the epigraphic monuments found during fieldwork, translate the Arabic-script text into modern Kazakh, and supplement the discovered data on historical figures with archival documents. The primary material for the research consists of tombstones from the Qarpyq Zhamanqarin dynasty, located in the Denisovsky district of the Kostanay region. Historical, documentary, philological, paleographic, textological, chronological, ethnolinguistic, and comparative methods, commonly used in the study of epigraphic monuments, were applied to the materials. A total of 11 stone stelae with inscriptions have been studied, originating from the burial ground near the aul of Qarpyq (Denisovsky district, Kostanay region). The article analyzes and introduces into scientific discourse the epitaphs from three kulpytases — the stone installed on the grave of Qarpyq Zhamankarin, known in the region as a bai* (*in Kazakh — a wealthy person) engaged in trade between Tobol and Bukhariya, as well as the tombstones of his two wives, Ulpan Qultyqyzy and Momynai Aqtasqyzy. The Arabic-script epigraphic monuments of the Kazakh Tobol river region are a valuable source for studying the culture of the Steppe population.

Source of funding: The publication was carried out within the framework of granted financing of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2022–2024, project IRN AP 14870373.

For citation: Jumabekova, G., Dyussenov, B., Taran, N., Manapova, A., Bazarbayeva, G. 2024. Epigraphic monuments of the Tobol river region: preliminary results of a comprehensive study. *Kazakhstan Archeology*, 3 (25), 186–206 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2024.3.25.186.206](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.186.206)



**Гүлнар Сайынқызы Жұмабекова¹,
Бағдат Даниярұлы Дүйсенов²,
Наталья Ивановна Таран³,
Әлия Мерекеқызы Манапова^{*1},
Ғалия Аппазқызы Базарбаева¹**

¹тарих ғылымдарының кандидаты,

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы қ., Қазақстан

²аға ғылыми қызметкер, Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институты, Алматы қ., Қазақстан

³директор, Денисов тарихи-өлкетану музейі,
Денисов а., Қостанай обл., Қазақстан

^{1*}корреспондент-авторы, тарих ғылымдарының
кандидаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы
Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

¹тарих ғылымдарының кандидаты,
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы қ., Қазақстан

**Тобыл бойы эпиграфикалық ескерткіштері:
кешенді зерттеулердің алдын ала нәтижелері**

Мақалада Қазақ Тобылының оңтүстік бөлігіндегі тарихи-мәдени мұра нысандарын талдау арқылы әртүрлі дәуірлердегі тұрғындардың табиғи-экологиялық бөлшектерін игеру мәселелерін зерттеу шеңберінде Қостанай облысының Денисов, Қамысты, Жітіқара аудандарының аумағына жүргізілген далалық зерттеулердің нәтижелері берілген. Мақсаты – далалық зерттеулер барысында табылған эпиграфикалық ескерткіштердің маңызын айқындау, арабжазулы мәтіндерді қазіргі қазақ тіліне аудару, тарихи тұлғалар туралы деректерді табылған архивтік құжаттармен толықтыру. Зерттеудің негізгі материалдары – Қостанай облысының Денисов ауданында орналасқан Қарпық Жаманқарин әулетінің құлпытастары. Материалдармен жұмыс барысында эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу кезінде қолданылатын тарихи, құжаттық, филологиялық, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық, этнолингвистикалық және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Қарпық ауылы жанындағы (Қостанай облысы, Денисов ауданы) бейіттен табылған жазуы бар 11 құлпытас зерттелді. Мақалада Тобыл мен Бухария арасында саудамен айналысқан аймақтың ауқатты байы Қарпық Жаманқариннің және оның екі әйелі – Ұлпан Құлтықызы мен Момынай Ақтасқызының бейіттеріне қойылған тас – үш құлпытастағы эпитафия талданып, ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Қазақ Тобылының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері – Дала тұрғындары мәдениетін зерттеу үшін баға жетпес дереккөзі болып табылады.

**Гульнара Саиновна Джумабекова¹,
Бағдат Даниярович Дюсенов²,
Наталья Ивановна Таран³,
Алия Мерекеевна Манапова^{1*},
Ғалия Аппазовна Базарбаева¹**

¹кандидат исторических наук, Институт археологии
имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан

²старший научный сотрудник,

Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова,
г. Алматы, Казахстан

³директор, Денисовский историко-краеведческий
музей, с. Денисовка, Костанайская обл., Казахстан

^{1*}автор-корреспондент, кандидат исторических
наук, Институт археологии имени А.Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан

¹кандидат исторических наук, Институт археологии
имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан

**Эпиграфические памятники Притоболья:
предварительные результаты
комплексного исследования**

В статье представлены результаты полевых исследований, проводившихся на территории Денисовского, Камыстинского, Житикаринского районов Костанайской области в рамках изучения вопросов освоения природно-экологической ниши населением в различные эпохи на примере анализа объектов историко-культурного наследия южной части Казахского Притоболья. Цель – выявить важность эпиграфических памятников, найденных в ходе полевых исследований, перевести арабписьменный текст на современный казахский язык, дополнить архивными документами обнаруженные в ходе исследования данные об исторических личностях. Основным материалом исследования являются надгробия династии Карпыка Жаманкарина, расположенные в Денисовском районе Костанайской области. В ходе работы над материалом использованы исторические, документальные, филологические, палеографические, текстологические, хронологические, этнолингвистические и сравнительные методы исследования, применяемые при изучении эпиграфических памятников. Всего изучено 11 каменных стел с надписями, происходящие с кладбища у аула Карпык (Денисовский р-н, Костанайская обл.). В статье проанализированы и вводятся в научный оборот эпитафии с трёх кулпытасов – камня, установленного на могиле Карпыка Жаманкарина, известного в региона бая* (*на каз. – зажиточный человек), занимавшегося торговлей на промежутке между Тоболом и Бухарией, а также надгробия двух его жён – Улпан Култықызы и Момынай Ақтасқызы. Арабписьменные эпиграфические памятники Казахского Притоболья – ценный источник для изучения культуры населения Степи.



Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің 2022–2024 жж. гранттық қаржыландыру аясында орындалды, жобаның ЖТН АР 14870373.

Сілтеме жасау үшін: Жұмабекова Г.С., Дүйсенов Б.Д., Таран Н.И., Манапова Ә.М., Базарбаева Ғ.А. Тобыл бойы эпиграфикалық ескерткіштері: кешенді зерттеулердің алдын ала нәтижелері. *Қазақстан археологиясы*. 2024. № 3 (25). 186–206-бб. DOI: [10.52967/akz2024.3.25.186.206](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.186.206)

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках грантового финансирования Комитета науки МНВО РК2022–2024, ИРН проекта АР 14870373.

Для цитирования: Джумабекова Г.С., Дюсенов Б.Д., Таран Н.И., Манапова А.М., Базарбаева Г.А. Эпиграфические памятники Притоболья: предварительные результаты комплексного исследования. *Археология Казахстана*. 2024. № 3 (25). С. 186–206 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2024.3.25.186.206](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.186.206)

*Өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығы
Халық даналығы*

1 Кіріспе

Ұлы дала төскейінде теңдесі жоқ тарих іздері мен өркениеттердің белгісі сақталған. Археологтар тарихымыздың әр кезеңін жеке-жеке зерттеп, баға жетпес көне заттарды тауып, ғылыми айналымға енгізіп, зерттеу алаңына тартқанменен ақпараттық дереккөз ретінде аса құнды материал болып табылатын эпиграфикалық ескерткіштер мен этнографиялық сипаттағы символдар, танбалар, ою-өрнектер, архитектуралық көркем шешімдер, арабжазулы каллиграфиялық жазбалар қашалған құлпытастардың сырын ашу ісі көп зерттелмей келе жатқан сала болып отыр.

Қазіргі таңда кең байтақ дала төсінде мыңдаған жылдар бойы бастан өткен күрделі үдерістерді қайта қарау үшін тарихи-мәдени мұра объектілерін кешенді, ауқымды әрі жан-жақты зерттеу ісінде тиісті тиімділігін көрсететін этноархеология сияқты зерттеу бағыты қарқынды дамып келеді. Ғалымдарымыз тарихтың ерте кезеңінде қазақ мәдениетінде орын алған дәстүрлерді, көшпенділердің мәдени генезисін зерттеуді мақсат етіп отыр.

Құлпытастардың қойылуы жайында академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан: «XVI–XVIII ғасырлар арасындағы бұрынғы тас мүсін жасау дәстүрі бүтіндей жойылып, оның орнына арабша жазу түсірген көктас, құлпытастар белең ала бастайды. Құлпытас та төрт бұрышты шарбақтың не там үйдің күнбатыс-солтүстік жағына қадалады. Бірақ мұның өзінде де тас мүсін тұрғызудың ежелгі дәстүрі ұзақ уақыт тарихи негізін сақтап отырады» деп алғашқылардың бірі болып сипаттама берді [Марғұлан 1966: 50].

Көшпенділердің культтік-мемориалдық архитектурасы генезисін зерттеп жүрген көрнекті мамандардың бірі – Серік Әжіғали ежелден бері келе жатқан құрбан шалу, құлшылық қылу ғұрпының түбегейлі жетілген тәжірибесін бағамдап, бақылап, ғылыми еңбектер жазды [Ажигали 2002].

Археологтар арасында арабжазулы құлпытастарды зерттеп, маңызды материалдар жариялап жүрген А.З. Бейсеновтің пікірі де назар аударарлық: «Жаңа заман археологиясы этноархеологиямен тығыз байланыс орната отырып, өз алдына оңаша, өзекті әрі келешегі кемел бағдарламалық міндеттерді орындауға мүмкіндік алады» дейді ғалым [Бейсенов 2023: 118]. Қазақстан аумағынан табылған әртүрлі ескерткіштер сол аймақты мекендеген тайпалардың түсінігі мен өмір сүру салты, тұрмысы мен мәдениетіне байланысты дамып отырған. Дала мәдениетінің сан қырлы тарихын этноархеологиямен ұштастыра отырып зерттеу бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып отыр.

Даладағы әртүрлі дәуірдің тарихи-мәдени, этникалық, интеграциялық процестеріндегі культтік-мемориалдардың рөлін белгілеуге үлкен мән берілуде [Сакральный ландшафт... 2020]. Мәселен, қазақтың ас беру дәстүрін зерттеу нәтижесінде ортағасырлық тас мүсіндерді орнату орындары бертіңгі ғасырлардағы ас беру орындарымен сәйкес келетіні анықталды. Қазіргі заманғы



жерлеу және еске алу ғұрыптары ежелгі ас беру дәстүрімен байланысын байқатады [Ошанов 2024].

Ә.Х. Марғұлан «Тарихи дәуірдегі қазақ тайпаларының жазу мәдениеті» атты мақаласында: «Егер Қазақстан өлкесінде топталған көп құлпытастағы эпиграфикалық жазуларды топтап, фотоға түсіріп, альбом жасап көпшіліктің алдына тартса, ол ашылған кітапханадан кем болмас еді. Тарихи заманнан, неше ғасыр бойы үсті-үстіне топталып келе жатқан “көктастағы”, “құлпытастағы” эпиграфикалық жазулар – қазақ халқының білімді, ой-сананы, жазуды жақсы көргенін, оған аса ынта қойғанын, аса жарқын түрде суреттейтін бір ашық дәлел» деп өз бағасын берген [Марғұлан 2007: 150].

Ғалымның берген бағасын: «қазірге дейін Қазақстанда 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш табылған болса (ал табылмағандары қаншама?), соның 10,5 мыңнан астамы Батыс Қазақстан өлкесінде орналасқан екен» деген ақпарат дәлелдей түседі [Тасмағамбетов 2002: 14]. Келесі сараптамада: қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысының өзінде 50–60 мың эпиграфикалық жазу бар деген болжам айтылып отыр [Набиоллаұлы 2016]. Қазақ құлпытастарының саны жөнінде Серік Әжіғалидың айтқан мына пікірі ойымызды одан ары нақтылай түседі: «Қазақстан аумағында тасқа қашалған құлпытастардың саны 100 мыңнан кем емес, бұлардың басым көпшілігі еліміздің батыс өңіріне тиесілі» [Ажигали 2023: 21]. Әрі Қазақстанның батыс өңірінде орналасқан құлпытастар басқа өңірлердегі ескерткіштерге қарағанда жан-жақты зерттелген.

Бұдан бөлек, кейбір ауызша айтылып жүрген деректер бойынша Қазақстан аумағын тұтастай алғанда елімізде 400 мыңнан астам құлпытас сақталған деген мәлімет бар. Бұл бекер берілген статистика емес. Еліміздің әрбір облысында Тарихи ескерткіштерді қорғау инспекциясы бар. Олар тарихи ескерткіштерді тіркеуге алумен айналысады. Қазақ даласындағы үлкен қорымда ең азы 100 құлпытасан кем болмайды. Мәселен, Қарқаралы қаласының орталығында орналасқан «Үлкен зират» деп атайтын қорымды ескерткіштер тізіміне алғанда Қарқаралы қаласындағы бір объект ретінде тіркеуге алады. Ал ол қорымда 100-ден астам құлпытас бар. Сол сияқты Маңғыстау облысындағы Шопан ата қорымын бір объект ретінде тіркейді. Шындығында бұл қорымда 3000 жерлеу, соның ішінде 2000-ға тарта құлпытас бар. Дұрыс тіркеулер жүргізілмегендіктен қазақ даласында қанша құлпытас бар екендігін нақтылап айту қиын. Сол үшін әрбір облысқа экспедициялар жүргізіп, қорымды бір объект ретінде тіркеп қана қоймай, қорымдағы құлпытастардың бірлік санын да тіркеуге алу керекпіз. Арнайы мамандар тарапынан жоспарлы зерттеу аясына тартылып, ғылыми айналымға енгізілуі қажет [Ажигали 2011; Ажигали, Бекназаров 2012; Бейсенов 2019].

Арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштер Қазақстан аумағында өте көп сақталған. Мақалада Қостанай облысы аумағы Тобыл бойындағы арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді саралап, алғаш рет ғылыми ортаға ұсынып отырмыз. Жоба аясында жүргізілген экспедициялар кезінде Тобыл бойында эпиграфикалық ескерткіштердің ерекше түрлерін анықталды. ЮНЕСКО құжаттарына сәйкес материалдық және материалдық емес тарихи ескерткіштер қатарына – архитектуралық ескерткіштерді, археология, этнология, топонимдер, архивтік және библиографиялық деректемелерді жатқызамыз.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері. Археологиялық экспедиция жұмыстары кезінде белгілі бір аймақтың мәдени ландшафтын зерттеу аясында материалдық және материалдық емес мәдени ескерткіштерді зерттеу нысанына айналдыру қосалқы пәндік ғылымды талап етеді. Қазба жұмыстары мен экспедиция кезінде кездескен түсініксіз мәтіндердің кілтін ашу – сол мәдени ландшафт төңірегіндегі өркениеттің кезеңдерін айқындауға зор ықпалы бар. Бұл зерттеу жұмысында алдыменен археологиялық зерттеу әдістерін қолданып, зерттелетін өңірдің мәдени қабаттарын анықтау арқылы жергілікті жердің



тарихы мен аумақтық шекарасын танып-білуге архивтік құжаттар мен деректану ғылымының әдістері арқылы дереккөздерді қарастырдық. Бұдан бөлек, эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуде қолданылатын тарихи, деректемелік, филологиялық, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық, этнолингвистикалық және салыстырмалы зерттеу әдістерін қолдандық.

2.2 Материалға сипаттама

Экспедицияның зерттеу жұмысы барысында Қостанай облысының Денисов, Жітіқара, Қамысты және т. б. шектесіп жатқан аудандары аумағынан 50-ден астам арабжазулы құлпытас табылды. Атап айтсақ Денисов ауданын табылған 11 тас пен Денисов музейінде сақтаулы бір тас (КП-1923) орта жүздің қыпшақ руы қарабалық тайпасына тиесілі. Ал қалғаны Кіші жүздің жағалбайлы және жаппас руларына тиесілі. Зерттеу барысында тастағы арабжазулы мәтінді оқып, транскрипциясын түзіп, қазіргі қазақ тіліне аудармасын жасадық.

Экспедиция кезінде Қостанай облысының Денисов, Жітіқара, Қамысты аудандарынан табылған 54 тасқа бастан-аяқ сипаттама жасап, мәтінін, аудармасын, транскрипциясын, зерттелуін беруге мақаламыздың көлемі көтермегендіктен Денисов ауданынан табылған Қарпық Жаманқарин мен оның екі әйеліне қойылған үш тас негізінде зерттеу жүргізіп, қазақстандық деректану ғылымына тың материал ұсынуды жөн көрдік. Осы материалдар арқылы Тобыл бойындағы мәдени ландшафттық кеңістіктегі өркениеттің кезеңдерін айқындап, ХІХ ғасырдағы қазақтың жазба мәдениетінің айқын көрінісін анық көрсетуге болады.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты қызметкерлерінің Қостанай облысы аумағына жүргізген далалық зерттеулері кезінде тіркеуге алынған құлпытастар әртүрлі. Денисов, Жітіқара және Қамысты аудандарының аумағында орналасқан қорымдардағы (1-сур.) құлпытастардың басым көпшілігі ХІХ – ХХ ғасыр басына тиесілі тас қашау өнерінің шебер шедеврі болып табылды. Тіпті сәндік сәулеті жоқ, монолит тастан жасалған құлпытастар да кездесті.

Далалық зерттеулер кезінде цемент пен құм қолданып құйылған құлпытастар да тіркеуге алынды. Құм қоспасын қалыпқа құйып, әлі кеппеген кезінде бет жағына эпитафия бәдізделген. Тіпті, соңғы кездері араб жазуында (мыс. Жарық елдімекені) қалай қашалса, дәл солай кирилл жазуында да (мыс. Тұмарлы көліндегі зиратта) қашап қалдырған тастар табылды. Расында да, құлпытастар замана көшінің ақиқат айнасы сияқты бірқатар факторлармен байланысты мәдени құбылыстардың деректерін зерттеудің қайнар көзі болып табылады. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде қабір (тас) стелаларын орнату дәстүрлерін тарихшы, шығыстанушы және өзге де пән мамандарымен бірлесе отырып зерттеу келешегі кемел іс екендігін айрықша атап өткен жөн. Кешенді зерттеу барысында әр сала мамандары пәнаралық байланыс арқылы бірін бірі толықтыра түседі.

3 Талқылау

Қазақстанның солтүстік-батыс өңіріндегі Тобыл бойына адамдар ежелгі дәуірден қоныстанған. Мұнда әрбір кезең өркениеттерінің ізі қалған. Бұл өңірлерде археологиялық зерттеулер аз жүргізілгендіктен аймақ тарихының ерте кезеңін түбегейлі қарастыру мүмкін емес. Дегенмен, осы олқылықтың орынын толтыру мақсатында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкерлері соңғы жылдары археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді¹. Осы экспедиция нәтижесінде алынған мәліметтерге сүйене отырып, Тобыл бойындағы өркениеттер кезеңінің жалпы картинасын жасауға болады. Мамандар осынау әрбір кезеңнің қатпарын аршып, тарихын танып, мол архив қорларын тапты, әлі де жұмыс жалғасын табады [Базарбаева и др. 2023: 103–116].

¹ Торғай отрядының, кейіннен – Институттың Қостанай археологиялық экспедициясының жұмысына (2020; 2022–2024 жж.) белсенді қатысқан Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері – Қ.А. Жамбулатов, И.К. Ахияров, Н.Ш. Жұманазаровтар, Жітіқара қаласындағы өлкетанушы – В.А. Лопатин.




Зерттеу аймағында – Қазақтың Тобыл бойының оңтүстік бөлігінде – жерлеу-ғұрыптық, діни-архитектуралық ескерткіштер, ерте көшпенділер дәуірінен Жаңа заманға дейінгі аралықты қамтитын қоныстар, сондай-ақ, алғашқы «Қалалар елі» – протомемлекеттік құрылымдар (мысалы – Қамысты²) табылды.

Тобыл бойы орал-қазақстандық далаға, Оңтүстік Орал бойына кіреді. Бұл өңірдің көшпенді қоғамы біртұтас мәдени-шаруашалық қауымдастықтың көрінісін береді [Таиров 2019: 13–14]. Ерте көшпенділер дәуірінің бастапқы кезеңінде Оңтүстік Орал бойы тұрғындары тасмола тарихи-этнографиялық қауымдастығына кірді. Археологиялық деректер бұл аймақ тұрғындарының Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан, Саян-Алтай, Орал бойы және Батыс Сібір орманды жазығы тайпаларымен тығыз байланыста болғанына дәлел бола алады. Қарым-қатынастар шаруашылық сипатта болып, тайпалардың екі бағыттағы көші-қоны мен іріктелуі, тайпалық-саяси қатынастары болған деп болжанады. Орал-қазақстандық далада тасмола тарихи-этнографиялық қауымдастықтың кіндігі – Орталық Қазақстан тайпалары қарқынды күшпен бірігуді бастан кешірді [Таиров 2019: 95–97, 133; Хабдулина 2007].

Б.д.д. VI ғ. мен V ғ. соңынан бастап Оңтүстік Орал бойында ерте сармат мәдениетінің ескерткіштері тіркелген. Бұл кезеңдері Оңтүстік Орал аумағы байланыс аймағы бола білді. Көшпенділер көші-қон және еркін өмір салты арқасында өздерінің қысқы жайылымы орналасқан оңтүстік және оңтүстік-шығыс Арал өңірі тайпаларымен байланыстарын жүзеге асырды. Жалпы Оңтүстік Орал бойының байланыс салалары Солтүстік және Орталық Қазақстан, Арал өңірі мен Саян-Алтайға бағытталды [Таиров 2019: 15, 228, 135]. Сонымен қатар, ескерткіш материалдарында б.д.д. VI ғ. мен V ғ. басында Кавказ және Солтүстік Қаратеңіз маңы тұрғындары Еділ маңы және Оңтүстік Орал тұрғындарымен сауда-саттық және алыс-беріс орнатып, бірігіп жорықтарға қатысқан байланыстары болғандығы тіркелген. Барыс-келіс қозғалысына жан бітірген үзілмес шынжыр сияқты ерте сақ типті мәдениеттің қалыптасу кезеңінде Орал бойының малшылары батысқа және оңтүстік-батысқа көші-қон жүргізген екі бірдей кезеңдері туралы болжамдар айтылған болатын [Яблонский 2010: 89]. Сондай-ақ, Оңтүстік Орал материалдарында Үстірт пен Каспий маңының б.д.д. V–IV ғғ. көшпенділердің жерлеу элементтерінің аналогтары табылып отыр [Таиров 2019: 279]. Осылайша, аймаққа өзгешелік беретін Тобыл бойы аумағы – сақтар мен сарматтар мәдениеті арасындағы байланыс аймағы бола білді; бүкіл далалық және орманды далалық Еуразияның б.д.д. VI ғ. басталған мәдени-тарихи өзгерістердегі оның тұрғындарының рөлін анықтау болашақтың ісі [Махортых 2016]. Бұл аймақта ерте сақ пен сарматтар ескерткіштерінен бөлек, хуннулардың таралуымен байланысты шығыс жаңалықтары қалыптасқан кезде б.д.д. I мыңж. аяғында далалық Еуразиядағы этномәдени өзгерістердің жаһандық үдерістерін көрсететін обалар белгілі [Онгарулы и др. 2020: 233; Логвин и др. 2016: 107–110; 2019: 324]. 2007 жылы б.д.д. IX ғасырдан бастап б.д. бірінші ғасырымен мерзімделген Торғайдың ғұрыптық кешені табылды және ары қарай зерттелді [Логвин и др. 2018]. 2015 ж. бастап ерте көшпенділер дәуірінің жерлеу-ғұрыптық кешендерінде зерттеу жұмыстары жүргізілді. Аймақтың ежелгі сармат кезеңі бірнеше археологиялық экспедициялардың жұмыстары барысында зерттелді [Евдокимов, Сеитов 2021; Сеитов и др. 2021; Джумабекова и др. 2024]. XX ғ. 80 жж. облыс аумағында барлығы 20 жерлеу орыны және ерте көшпенділер дәуірінің кездейсоқ табылымдары белгілі болды [Культура населения... 2017]. Соңғы жылдары Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты қызметкерлерінің барлау жұмыстары нәтижесінде ежелгі көшпенділердің нысаны – сарматтарға тиесілі болуы мүмкін он шақты «мұртты» обалар мен құрылыстар айқындалды. Жарық ауылынан (Қостанай обл., Денисов ауд., Покровка а.) табылған көнетүркі дәуірінің (VII–VIII ғғ.) тас

² Соңғы бірнеше жыл ескерткіште археологиялық зерттеулер жүргізілді. Қазбаның алдын ала нәтижелерімен осы жерден танысуға болады: [Логвин и др. 2023].



1-сур. Қостанай облысының Жітіқара, Қамысты, Денисов аудандарының аумағындағы құлпытастардың орналасу картасы (а – зират; b – оба; с – бейіт): 1 – Хазірет 3; 2, 19 – Тоқбай; 3 – Талдықөл; 4 – Алшан; 5 – Арыстансор; 6 – Бірсуат; 7 – с. Коломенка; 8 – с. Ливанов; 9 – Түргенов а.; 10 – Білісқопа; 11 – Алтай; 12 – Жайылма; 13 – Қаракөл (Сахаров а. жақын); 14 – Қойлыбай; 15 – Қоянды; 16 – Қызылжар;



мүсіні аймақтың ортағасырлық тарихының қайталанбас «куәгері» болып табылады. Ол Денисов тарихи-өлкетану музейінің экспозициясында өзінің лайықты орынын алып тұр. Тас мүсін (КП-2540) отырған ер адамның бедерлі бейнесін береді. Мұндай нысандар бұл аймақтарда өте сирек кездеседі; бұдан бөлек, олар Батыс Түрік қағанаты ареалының көш түзеушісі ретінде көзге түседі [Хасенова и др. 2023].

XVIII ғ. – XX ғ. басында Қазақ Тобылы бойының оңтүстік бөлігінде қыстаулар мен жерлеу ескерткіштерін қалдырған Орта жүз бен Кіші жүз қазақтары өмір сүрген [Логвин и др. 2018]. А.З. Бейсеновтың пікірінше «Орталық Қазақстан мен Торғай құлпытастары, негізінен XIX ғ. екінші жартысы мен аяғында кеңінен қойыла бастап, бұл үрдіс XX ғ. 20 жж. ортасы мен аяғына дейін жалғасқан... Аталмыш құлпытастар толығымен араб қарпінде, Арқа жерінде кең тараған “қадым” стилімен берілген. Ол татарша емес, шағатайға жақындау, атақты кітаби түркі» [Бейсенов 2022: 219]. Сондай-ақ, Торғаймен еншілес отырған Тобыл бойында да осы кезеңдері қойылған құлпытастар қатары көп. Бүгінгі күнге дейін киелі кеңістікті ұйымдастырудың сабақтастық элементі қалыптасты. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақтар ерте көшпенділер дәуіріндегі обалар мен табиғи төбешіктер анықталған жерлерге зираттар орнатты. Бұл қорымдарда адамдар жерленіп, қазақтың тас қашау өнерінің шебер үлгілері қойылды. Дала өркениетінің ескерткіштері белгілі бір аймақтарда шоғырланғандықтан, олар мәдени ландшафт элементтерін өмірге әкелді, оларды біртұтас ғұрыптық жерлеу кешені ретінде зерттеу керек.

Қазақ хандығы дәуірінің айнымас дереккөзі болып табылатын артефактілер Тобыл бойындағы тарихи оқиғалардың куәсі бола алады. Қазақ хандығының соңғы кезеңдері Ресей империясына қараған қазақ жерінде әртүрлі өзгерістер орын алды. 1844 ж. «Положение об управлении Оренбургскими казахами» қаулысы жарық көрді. Орыс шенеуніктерінен қазақ әкімшілігінің іс-әрекетін бақылайтын өкілетті лауазым иелері тағайындалды. Шығыс бөлігі билігі кезіндегі хат тіркеуші, губерния хатшысы Половоротовтың мәліметтеріне сәйкес, 1846 жылы Арақарағай тоғайында ұзын қыпшақ ауылы көшіп жүрді. Оның биі хорунжий Балқожа Жамбыршин болған. Қарабалық қыпшақтар өз билері Наурызбай Қазыбаевтың басшылығымен Тобыл мен Аят арасында көшетін. Николаев станциясында (Федоров пен Қарабалық аудандары) қыпшақтың қарақыз



17 – Мүктікөл; 18 – Тамсай (Шевченков а. жақын); 20 – Тұмарлықопа; 21 – Орманов; 22 – Хазірет; 23 – Чайковский а.; 24 – Кісенсай; 25 – Мырзабек; 26 – Ақтас; 27 – Дауылбай 3; 28 – Дауылбай 2; 29 – Жалтыркөл; 30 – Жарық (Бекберген); 31 – Желқуар 1; 32 – Құсаққан; 33 – Құсаққан 2; 34 – Қарпық а. Құрастырушылар: Ислам Ахияров, Айша Казизова

Fig. 1. Map of the location of kulpytases in the Zhitikarinsky, Kamystinsky, and Denisovsky districts of the Kostanay region (a – cemetery; b – burial mound; c – burial ground): 1 – Khazret 3; 2, 19 – Toqbay; 3 – Taldykol; 4 – Alshan; 5 – Arystansor; 6 – Birsuat; 7 – Kolomenka village; 8 – Livanovka village; 9 – Turgenovka village; 10 – Bliskopa; 11 – Eltai; 12 – Zhaiylma; 13 – Karakol (near Sakharovka village); 14 – Koilybai; 15 – Koyandy; 16 – Kyzylzhar; 17 – Muktikol; 18 – Tamsai (near Shevchenkova village); 20 – Tumarlykopa; 21 – Urmanov; 22 – Khazret; 23 – Chaikovsky village; 24 – Kusenai; 25 – Myrzabek; 26 – Aktas; 27 – Dauylbai 3; 28 – Dauylbai 2; 29 – Zhaltyrkol; 30 – Zharyk (Bekbergen); 31 – Zhelkuar 1; 32 – Kusakan; 33 – Kusakan 2; 34 – a. Qarpyq. Compiled by: Islam Akhiyarov, Aisha Kazizova

Рис. 1. Карта расположения кулпытасов на территории Житикаринского, Камыстинского, Денисовского районов Костанайской области (а – кладбище; б – курган; с – могильник): 1 – Хазрет 3; 2, 19 – Токбай; 3 – Талдыкол; 4 – Алшан; 5 – Арыстансор; 6 – Бирсуат; 7 – с. Коломенка; 8 – с. Ливановка; 9 – с. Тургеновка; 10 – Блископа; 11 – Елтай; 12 – Жайылма; 13 – Каракол (близ с. Сахаровка); 14 – Койлыбай; 15 – Коянды; 16 – Кызылжар; 17 – Мүктикол; 18 – Тамсай (близ с. Шевченковка); 20 – Тұмарлықопа; 21 – Урманов; 22 – Хазрет; 23 – с. Чайковский; 24 – Күсенсай; 25 – Мырзабек; 26 – Ақтас; 27 – Дауылбай 3; 28 – Дауылбай 2; 29 – Жалтыркөл; 30 – Жарық (Бекберген); 31 – Желқуар 1; 32 – Кусакан; 33 – Кусакан 2; 34 – а. Карпық. Составители: Ислам Ахияров, Айша Казизова



бөлімінің билері Жыланбас Қылышбаевтың басшылығымен көшіп жүрді. Қазіргі Қарабалық пен Федоров аудандарының аумағында орналасқан Қаракөл қамалы жерінде Тілеубай би Жамантаев бастаған қыжық көлденең қыпшақтардың қыстақтары орналасқан болатын [Материалы... 1948: 100].

Шекара линиясы бойындағы қазақтардың сенімді өкілі Кастыриннің мәліметі бойынша, Үй өзенінің өзегінде, Тобыл мен Тоғызақ арасында көлденең қыпшақ Дүйсенбек Кұрынбаев, Мұғал Қазантаев, Тоқы Жаппақов пен Найман Қуанбаев, сондай-ақ, қарабалық қыпшақ биі Тұрмамбет Құмбасов көшіп жүрді [Материалы... 1948: 100].

Ерекше тапсырмалар шенеунігі Д'Андре жинаған материалдарда қазіргі Қарабалық, Федоров пен Қостанай аудандарының аумағындағы Тобыл мен Үй арасында көшіп жүрген Орынбор ведомствасы билерінің толыққанды тізімі берілген. Бұлар ұзын қыпшақ Балғожа Жамбыршин, Байтөке Қалданов, Тілесбай Меңдібаев, Ақдәулет Қанаужин, Бақай Рахметов, көлденең қыпшақтар Найман Қабанбаев, Қарақозы Қарақәев, Мәулен Шотанов, Мікенбай Шығыров, Байғазы Тастеміров, Тоқы Шапақов, Сасық Сартанов, Олжабай Сағындықов, Алшан Қостанов, Елемес Күнбасов, Тілеубай Жамантаев, Итемген Көтекаев, Құрманқұл Тұрдығұлов, Қосылбай Сатыбалдин, қарабалық қыпшақтар Қарпық Жаманқарин, Көкбас Баубекөв, Сүйінішғали, Шабдарбек Балтабекөв, Орынбай Айтұғанов, Жыланбас Қылышбаев, Шойбас Жапанов, Елемен Төлегенов [Материалы... 1948: 136–137]. Байқағанымыздай, Тобыл бойын ұзын қыпшақ, көлденең қыпшақ, қарабалық қыпшақ рулары көшіп-қонып мекендеген.

Жоғарыда атап өткеніміздей экспедиция кезінде Денисов ауданындағы қарабалық қыпшақ руының ұста бөлімінен тараған ұрпақтардың құлпытастарын тауып, ғылыми айналымға енгізіп отырмыз. Денисов ауданы – Қостанай облысының батыс бөлігінде орналасқан. Солтүстігі мен батысы – Челябинск облысымен (Ресей), оңтүстігі – Қостанай облысының Қамысты, Жітіқара аудандарымен, шығысы – Б. Майлин ауданымен шегаралас. Өзен, көл, бұлақтардың көп бөлігі ауданның солтүстік және шығыс аумағында. Аты белгілі үлкен өзен-көлдер – Арыстансор, Аққусор, Сасықсор, Сарыкөл, Үлкен Кусет, Жақсы Алакөл, Жалтыркөл, Обалыкөл, Песчаное, Светлое [Экологический атлас 2004: 16–18].

Денисов ауданының Жауғашты көліне құятын өзен бойында Байтеленсу, Қылтабек, Қарпық ауылдары болған. Осы өңірдегі Қарпықов, Асатов деген байлар жергілікті кедей шаруаларға уақытша қолдануы үшін сиыр және мініске ат, басқа да малдар беріп, көмек көрсетіп отырған. Ал XX ғасыр басында Ресей мен Украинаның орталықтарынан шаруа переселендер келген [Абиль, Күзембайұлы 2010: 132]. Қарпық Жаманқарин Жауғашты көлінің етегін жайлаған аса ірі бай болған, өзі де, ұрпақтары да халыққа қамқорлық көрсеткен жергілікті ауқатты әулет.

4 Нәтижелер

XVIII ғ. соңы – XIX ғ. басында Тобыл өзенінің орта және төменгі ағысы бойында Орта жүз рулары – қыпшақтар (торайғыр, қарабалық, көлденең, торы, ұзын) [...] өз қыстауларын сала бастады [Востров, Муканов 1968: 203]. Қыстау салып, тұрақты мекендеген жерлерде қасиетті орындар мен қорымдар пайда болатыны белгілі. Осындай қорымның бірі Жауғашты көлінің жағасындағы Қарпық ауылының жанынан табылған құлпытастар.

Белгілі шығыстанушы Ә.Қ. Мүминов арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу және жарыққа шығару, жариялау өте маңызды әрі тарихымызды танудың кезек күттірмес өзекті мәселелерінің бірі екендігін әрдайым айтып келеді [Мүминов және т.б. 2024: 521]. «Эпиграфикалық жазбаларды жарыққа шығару, әсіресе, құлпытас жазбаларын жариялау маңызды, бұл жұмыстардың мақсаты Қазақстанның әлеуметтік тарихы бойынша жергілікті дереккөздерінің түрін кеңейтіп, көбейту болса, оның мәліметтері ата-бабаларымыздың да әлеуметтік байланыстары мен мәдениеті



1



2

2-сур. Қарпық Жаманқараұлы (1)
және оның екі әйелі – Ұлпан Құлтықызы (2)
мен Момынай Ақтасқызының (3) бейіттеріне
қойылған құлпытастар

Fig. 2. Qarpyq Zhamanqarauly (1) and his two wives,
Ulpan Qultyqyzy (2) and Momynai Aqtasqyzy (3) the
kulpytases

Рис. 2. Кулпытасы Карпыка Жаманкараулы (1)
и двух его жён Улпан Култыкызы (2)
и Момынай Актаскызы (3)



3



туралы түсінігімізді байыта түседі. Эпиграфикалық дереккөздері арасында эпитафиялар өзіндік артықшылықтарымен ерекшеленеді, олар бұл өмірден қайтқан кісі туралы нақты мәліметтер жеткізеді, яғни, қайтыс болған (кей кезде туған) жылы, мекені, шежіресі, нисбасы (яғни, қасиетті мұрагерлік шежіресі), тұлғаның басқа да өмірбаяндық тарихы, тарихи оқиғаларға қатысы, т. б.» [Сейсем Ата 2015: 6]. Эпиграфикалық ескерткіштерде сақталған мәтіндегі мәліметтер сол кезеңнің мәдениет, білім, сауаттылық, көркемдік, архитектуралық, сәулеттік және т. б. салалары бойынша анық ақпарат беретін аса құнды дереккөз болып табылады. Зерттеп отырған арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерге тоқталып өтсек, бұл құлпытастар Тобыл бойындағы мәдени ландшафтыда дала өркениетінің үлкен бір кезеңінің дереккөзі болып табылады.

№ 001 құлпытас (2-сур. 1)³. Шартты түрде № 001 деп белгілеген құлпытастың төбесі доғал пішінді, жақсы сақталған. Төбе жағы аздап көркемделіп, доғал қоршаулар ішіне өрнек салынған. Эпитафия мәтіні ойып қашалған. Тастың алдыңғы бетіндегі мәтін бір қоршаулы шаршыға қашалған, 23 қатар жазу бар. Құлпытастың биіктігі жер бетінен 236 см, ені 48 (38) см, қалыңдығы 11 (15) см. Құлпытас гранитоидтан жасалған.

Эпитафия мәтіні:

1. هو الخلاق البقي
2. رَبِّ لَا تَذَرْنِي فَرْدًا وَأَنْتَ خَيْرُ
3. الْوَارِثِينَ
4. تاريخ سنه ١٨٧٣ انچيده
5. نويابر ننگ ٢٣ نچي كنده
6. قبقاق روعى قاراباليق
7. طائفه سى اوسطه ايماعى
8. ننگ بىي قاريق جامانقرا
9. اوعلى بو فناء يرنده ٧٩
10. يل ساكن⁴ اولوب روزگارنده⁵
11. دولت برله كچوروب سخي⁶
12. ليك برلن مشهور اولوب
13. دايم الاوقات انعام احسان
14. قيلماقده ايكن عاقبيت
15. باد اجل شمع روحنى نابود
16. ايلاب جوار رحمة الله عه
17. واصل قيلدى
18. انا لله و انا اليه راجعون
19. بيت
20. بوجهانحانه سى اكردا سراى
21. كن بكن كوچر گيدار شاه كدى
22. قايرنان حكم ايدر سنكه جبار
23. عاقبيت زير⁷ زنده⁸ اول جاي

Аудармасы: Ол Жаратушы мәңгілік. «Раббым! Мені жалғыз қойма. Сен ең жақсы мұрагерсің» (21: 89). Тарих: жылы 1873-іншіде ноябрьдің (қарашаның) 23-інші күнінде Қытшақ руы Қарабалық тайпасы Ұста аймағының биі Қарпық Жаманқара ұлы бұл фана (пәни) жерінен 79 жыл сакин (тұрғын) болып, рузгаринда (тіршілікте) дәулетті болып өмір кешіріп, сахилықпенен (жомарттықпенен) мәшһүр болып, дәйім ауқатты, ән'ам, ихсан (нығмет, қайырым) қылған екен. Соңында ажал желі оның рухының шамын өшіріп, Алланың рахметінің маңайына уасыл қылды (жалғастыруға жеткізді). «Шын мәнінде, біз Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз!» (2:156).

Бәйіт

Бұл жаһанханасы егерде болса сарай,
Күнбе күн көшер-кетер шаһ пен кедей.
Қабірінен үкім етер саған Жаббар,
Соңында төмендегі жайсыз орын болар жай.
Құлпытас мәтінінің композициясы дәстүрлі формада сақталған. Алдыменен мұсылман

³ Фотосуреттерді түсірген Б.Э. Испулов, Е.А. Баум.

⁴ араб тілінде: ساكن – тұрғын

⁵ парсы тілінде: روزگار – тіршілік

⁶ араб тілінде: سخي – жомарт

⁷ парсы тілінде: زير – төмен

⁸ парсы тілінде: زنده – жайсыз



құлпытастарының көпшілігінде кездесетін «Ол Жаратушы мәңгілік» дұғасы жазылған. Бұдан соң Құранның «Әнбия» сүресінің «Раббым! Мені жалғыз қойма. Сен ең жақсы мұрагерсің» (21: 89) деген 89 аяты жазылған. Бұл аят сирек қолданылады. Бұдан кейін «тарих» деп жазып, марқұмның қайтыс болған жылы мен күнін, руын, тайпасын, бөлімін, аты-жөнін, өмірден өткен жасын, қоғамдағы орынын жазып, оған дұға келтіріп, ең соңында «Бақара» сүресінің 156 аяты берілген. Негізгі мәтін аяқталған соң «бәйіт» деп жазып, төрт жол элегиялық мазмұндағы марсия жазылған. Бұл құлпытастағы мәтінде марқұмға арналатын жазбалар толыққанды берілген деп бағалауға болады.

Құлпытас мәтіні өте сауатты жазылған. Араб тілі мен парсы тілдері еркін қолданыс тапқан. Одан бөлек, Қазақстанның батыс, солтүстік, орталық өңірлеріндегі құлпытастардан өзгешелігі анық байқалады. Осы дәуірдегі құлпытастардың көбінде адамның қайтыс болғанын *اوفات بولدى – вафат (опат) болды* деген тіркес арқылы беретін. Ал бұл құлпытаста *عاقبيت باد اجل شمع روحنى نابود ايلاب جوار رحمة الله عه واصل قيلدى* – *Соңында ажал желі оның рухының шамын өшіріп, Алланың рахметінің маңайына уасыл қылды (жалғастыруға жеткізді)* деген тіркес алғаш рет кездесіп отыр. Бұл Тобыл бойындағы эпиграфикалық ескерткіштердегі эпитафия мәтінінің ең бір ерекше үлгісі.

№ 002 құлпытас (2-сур. 2). Құлпытастың төбесі доғал пішінді, түрі эпиграфикалық, жақсы сақталған. Эпитафия мәтіні ойып қашалған. Құлпытастың биіктігі жер бетінен 177 см, ені 50 см, қалыңдығы 13 (15,5) см. Тастың алдыңғы бетіндегі мәтін екі бөлек қоршаулы шаршыға қашалған, 15 қатар жазу бар.

Эпитафия мәтіні:

1. *السلام عليكم يا أهل*
2. *القبور أنتم لنا سلف ونحن با*
3. *لأثر يرحمكم الله تعالى ايانا*
4. *اياكم اللهم انى اسألك بحق*
5. *محمد وآل محمد ان لا تعذب*
6. *هذا الميت برحمتك يا ارحم الراحمين*
7. *تاريخ من هجرة النبي ١٢٩٦*
8. *نچي يلى ماه رمضانك ٢٠نچي*
9. *كوننده قبچاق روغى اوسطه*
10. *طائفه سينگ قارپق جماتفرا او على*
11. *تتك جماعتى اولبان قلطى*
12. *قزى ٧٥ ياشنده بو فنا*
13. *يرندان دار عقبايه رحلت*
14. *اتدى رحمته الله غريق اولغاي*
15. *آمين*

Аудармасы: *Ассаламу‘алейкум, ей, қабір тұрғындары! Сендер біз үшін алдымыздағысыңдар (сәләф) және біз сендердің ізіндеміз. Алла тағала біздерге және сіздерге рақым қылсын! (Сүнән Тирмизи № 1053). Уа, Алла, Мұхаммедтің және Мұхаммедтің отбасының құрметіне сұраймын, мейірімділердің мейірімдісі, осы мәйітке мейіріміңмен азап бермеуіңді тілеймін! (әд-Дәйлеми № 4409).*

Тарих: *Пайғамбардың көшуінен (хижра жыл есебі бойынша) 1296-ыншы жылы / 1879-ыншы жылы рамазан айының (mah⁹ рамадан) 20-ыншы күнінде*

⁹ парсы тілінде: ماه – ай



Қыпшақ руы Ұста тайпасының Қарпық Жаманқара ұлының жамағаты (әйелі) Ұлпан Құлты қызы 75 жасында пәни жерінен соңғы баратын үйіне сапар етті. Алланың рахматына қарық болғай! Әмин!

Құлпытастың аудармасында *ألسلام عليكم يا أهل القبور أنتم لنا سلف ونحن بالأثر برحمكم الله تعالى إيانا و إياكم – Ассаламу‘алейкум, ей, қабір тұрғындары! Сендер біз үшін алдымыздағысыңдар (сәләф) және біз сендердің ізіндеміз. Алла тағала біздерге және сіздерге рақым қылсын!* – деген сахих хадис келтірілген. Бұл хадис Ибн Аббастың (Аллаһ оларға разы болсын) хадисінде: «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинадағы қабірлердің жанынан өтіп бара жатып, оларға жүзімен қарап айтылған сөзден алынған (Сүнән Тирмизи № 1053).

Бұдан кейінгі екінші хадис мәтіні кездеседі:

اللهم انى اسألك بحق محمد وآل محمد ان لا تعذب هذا الميت برحمتك يا ارحم الراحمين – Ya, Алла, Мұхаммедтің және Мұхаммедтің отбасының құрметіне сұраймын, мейірімділердің мейірімдісі, осы мәйітке мейіріміммен азап бермеуіңді тілеймін! – деген дұға да сахих хадистерде кездеседі (Әд-Дәйлеми № 4409). Бұл құлпытас Қарпық Жаманқараұлының жамағаты (әйелі) Ұлпан Құлтықызына тиесілі.

№ 003 құлпытас (2-сур. 3). Құлпытастың төбесі доғал пішінді, жақсы сақталған. Эпитафия ойып қашалған. Құлпытастың биіктігі жер бетінен 117 см, ені 49 (44,5) см, қалыңдығы 12,5 (13) см¹⁰. Тастың алдыңғы бетіндегі мәтін бір қоршаулы шаршыға қашалған, 13 қатар жазу бар.

Мәтін:

- Аудармасы:** Ол Жаратушы мәңгілік!
 «Раббым! Мені жалғыз қойма. Сен ең жақсы мұрагерсің» (21: 89). 1902-інші жыл 1-інші октябрьде (қазанда) дүйсенбі күн Қыпшақ руы Қарабалық тайпасы Ұста аймағының Қарпық Жаманқара ұлының жамағаты (әйелі) Момынай Ақтас қызы 77 жасында ажал желі оның рухының шамын өшіріп, Алланың рахметінің маңайына уасыл қылды (жалғастыруға жеткізді).
- Бұл құлпытас Қарпық Жаманқараұлының әйелі Момынай Ақтасқызына қойылған. Мәтіні Қарпық Жаманқараұлының құлпытасының мәтініне өте жақын. Мұнда да «Әнбия» сүресінің 89-шы аяты берілген. Одан соң қайтқан жылы, күні, күйеуінің руы, тайпасы, аймағы жазылған. Көбінесе әйелінің руы жазылмайды. Осы тас сияқты тек әкесінің аты беріледі. Құлпытастағы араб жазу каллиграфиясы түркі халықтарының арасында кең тараған насх жазу үлгісімен қашалған.
- | | |
|---|-----|
| هو الخلاق الباقي | 1. |
| رَبِّ لَا تَذَرْنِي فَرْدًا وَأَنْتَ خَيْرُ | 2. |
| الْوَارِثِينَ | 3. |
| ٩٠٢ انچى يل انچى اوكتبرده | 4. |
| دوشنبه كون قبچاق روعى | 5. |
| قار ابالق طائفه سى | 6. |
| اوسطه ايماعى نك | 7. |
| قارپق جمائقرا اوعلى نك | 8. |
| جماعتى مومناى اقتاس | 9. |
| قزى ٧٧ ياشنده | 10. |
| باد اجل شمع روحنى | 11. |
| نابود ايلاب رحمة الله غه | 12. |
| واصل قيلدى | 13. |

¹⁰ Осы және басқа да бірнеше құлпытастың бет жағынан табиғи сипаттағы өзгерістерді байқауға болады.



Қостанай өңірінен шыққан әйгілі ақын, журналист А. Шаяхмет қарабалық қыпшақ руынан шыққан игі-жақсыларды танытып, зерттеу мақалалар жазып, тың мәліметтер берген: «Қыпшақ шежіресіне қарағанда, қарабалық қыпшақтан тарайтын Танабұғаның екінші баласы Қошалақтан Тақсопы, одан Жолжақсы, ал Жолжақсыдан Жантілес туады. Жантілес найза мен қылыш соғатын әйгілі ұста болған. Ұста аталатын ру осы Жантілестен тарайды. Күні бүгінге дейін атадан балаға мирас болып келе жатқан оның төсі мен балғасын Қарабалық өңірін мекен қылған Құмаш деген үрім-бұтағы үйінде көздің қарашығындай сақтап отыр. Аталған рудың Жантілес аты айтылмай, ұста атанып кеткен. Шежіре бойынша, Жантілес Жаманқараның бесінші атасы, яғни, түп атасы. Тектіден текті туады деген де рас. Жаманқараның Қарпық, Қараман, Қарман, Тағылшы және Тағылы деген балалары болған» [Шаяхмет 2011: 311]. Құлпытаста Қарпық байдың қысқаша шежіресі беріледі. Мұнда оны қыпшақ руы қарабалық тайпасы ұста аймағынан таратады. Ұста деген адамның рас аты – Жантілес, Қарпық байдың алтыншы атасы екендігі анықталып отыр. Сонымен қатар, Қарпық байдың Қараман, Қарман, Тағылшы, Тағылы атты бірге туған ағайындары болғандығын да байқауға болады. Бірге туған ағайындары да елдің тізгінін ұстаған билер мен болыстар, байлар болған. Мәселен, «Қарпық байдың Тағылы деген інісінің баласы Жүсіп ел басқарған, болыс болып халықтың ақ батасын алған, әділеттілікті жақтаған жан екендігі жазылған» [Шаяхмет 2011: 357].

Қарпық Жаманқарин туралы «История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков» атты он томдық еңбектің 8-томында мынандай деректер келтірілген: «Қарпық Жаманқарин, бий, 56 лет. Лицом моложе, слишком полный, росту среднего, волосы черные. Сын простого киргиза. Кипчакского рода, карабалыцкого отделения, успишского (устинского) подразделения. Место кочевания: летнее – в разных местах степи за Новой линией; зимнее – в верстах в 8 от Велико-Петровской станицы. Семейство: шесть жен, два сына и две дочери. Состояние: лошадей около 1000 и очень большие деньги, а также ведет торговлю с Бухарией» [О почетнейших... 2006: 89].

Бұл деректерге қарап отырсақ, Қарпық Жаманқарин аса ірі бай болған әрі Бұхарияға сауда жүргізген. Бұхарияға жүргізілген сауда туралы Я.П. Гавердовский мынадай мәліметтер береді: «Обыкновение для препровождения караванов между всеми киргизцами одинаково. Осенью или весною, когда ходят караваны, приезжают главные вожаки в предназначенное на границе место, где купцы, избрав из них достойного, договариваются с ним о количестве верблюдов и о цене за провоз. Таким же точно образом делается в Бухарии¹¹ и Хиве» [История Казахстана 2007: 51]. Тобыл бойынан шыққан керуен Үргеніш, Хиуа арқылы Бұхарияға сапар шегіп, сауда-саттық жүргізген. Бұл сауда жолы бұрыннан орныққан әрі қауіпсіздігі мен жағдайы жасалған керуен жолы болатын.

Жоғарыда келтірілген деректерде Қарпық байдың алты әйелі болғандығы жазылған еді. Қарастырып отырған Қарпық байдың құлпытасында ол 1873 жылы 79 жасында өмірден өткен деп жазылған. Егерде 1873 жылғы қайтыс болған жылынан 79 жасты алсақ, ол 1794 жылы туған болып шығады. Ал оның әйеліне қойылған № 002 құлпытаста әйелі Ұлпан Құлтықызы 1879 жылы 75 жасында қайтыс болған деп жазылған. Бұны да сол тәртіппен есептесек, ол әйелі 1804 жылы туған. Қарпық байдан 10 жасы кіші болған әрі ол өмірден өткенде 69 жаста жесір қалған. № 003 құлпытаста аты жазылған әйелі Момынай Ақтасқызының туған жылын есептесек, ол 1825 жылы туған болып шығады. Бұл әйелі Қарпық байдан 31 жас кіші болған әрі Қарпық бай өмірден өткенде 48 жаста жесір қалған. Денисов ауданына жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде Қарпық байдың екі әйелінің ғана құлпытасы табылды. Бұл әулетке тиесілі қалған құлпытастар болашақта жүргізілетін зерттеу барысында табылады деген сенімдеміз.

¹¹ «Бухария» ұғымына қатысты бұл атауды Балқаштың оңтүстігіне қарай созылып жатқан және "Үлкен Бухария" деп аталатын аумақтарды белгілеу үшін қолданғанын кездестіреміз. Сонымен қатар, Шыңжаңның қазіргі аумағымен байланысты "Кіші Бухария" деген де белгілеу бар (қараңыз: [Шаблей 2020: 77, прим.]).



Бұдан бөлек, А. Шаяхмет: «Өтеміс Қалабаевтың шежіресіне сүйенсек, Қарпық байдың Құрманқұл, Омар, Ахмет, Бекмұхамбет, Дүйсенбай және Уәші деген балалары болған. Бекмұхамбеттен Мірсалық, Әбубәкір, Садық, Жорабек, Әбдібек, Сыздық және Хакім тарайды» деген деректер берген [Шаяхмет 2018].

Қарпық Жаманқаринның ұрпағы, мемлекеттік жауапты қызметтер атқарған қоғам қайраткері Шәңгерей Жәнібековтың естелігінде: «Атам Салық Бекмұхаммедұлы Қарпықов пен Айша әжемнің төрт ұлы болған. Аттары – Жәнібек, Шайбек, Сапабек және Файызбек, қызы – Күлдірайхан. Олардың арасындағы үлкені менің әкем Жәнібек, шамамен 1887 жылы Жауғашты ауылында туған. Ол Қостанай облысының Денисов ауданының орталығындағы кенттен 20–25 км солтүстікке қарай орналасқан Жауғашты көлінің жанындағы ауыл. Бұл ауылды ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінде әкемнің атасы Қарпық Жаманқарин құрған» – деген дерек келтіреді [Жаныбеков Шангерей 2014; Жаныбеков 2014].

Жауғашты көлі жанындағы ауылды 1820–1825 жылдары Қарпық Жаманқарин құрғандықтан, ауыл негізін қалаушының атымен Қарпық ауылы деп аталды. Шамамен Тобыл мен Қамысты-Аяттың ортасында орналасқан қыстау ХІХ ғасырда Шұбар мен Дамбар қазақ болыстарының орталығы болған. «Әкеміз қайтыс болған соң 1860 ж. соңы мен 1890 жылдар аралығында Дамбар болысын басқарған әулетіміздің басшысы Бекмұхаммед Қарпықов болды. Үлкен Жауғашты көлінің маңында Қарпық ауылының шамамен он-он бір қыстауы және дала төскейіндегі жел диірмені қанаттарын қаққан құстай қалықтап тұрушы еді» деп еске алады [Карпов 2021: 288; 2024]. 1898 жылғы санақ бойынша Жауғашты шатқалындағы ауылда 147 адам тұратын, болыстықтағы ең көп қоныстанған ауылдың бірі болып саналды [Материалдар... 1903]. Байқағанымыздай, Қарпық Жаманқарин өз дәуірінің ірі тұлғасы, Бұхариямен сауда жасаған бақуатты бай болса, оның ұрпақтары елге танымал тарихи тұлғалар болған. Әсіресе, Торғай облысында орасан зор ықпалға ие болған ұлы Бекмұхаммед Қарпықовтың қадірі өте жоғары болды: Ол 20–25 жыл бойы Дамбар болысының басшысы, Ы. Алтынсарин ұйымдастырған Қостанайдың 2 кластық училищесінің құрметті қамқоршысы болған [Шефер 2018: 40]. Сонымен қатар Б. Қарпықов 1900 жылға қарай құрамында он қазақ бар Императорлық Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің толық мүшесі болды [Бегимбаева 2015: 65; Карпов 2021: 289–290]. Қарпық байдан тараған ауқатты әулеттің Синегоркадан Жаксы-Алакөлге дейін; Тавриченкодан Аршағлы-Аятқа (өзен) дейін дархан далада өз иеліктері болса, Қарпықовтардың оңтүстік пен шығысқа созылған жайлауы мен қыстауы Бестөбе жазығы мен Тобыл өзеніне дейін жететін [Карпов 2021: 289].

Текті әулеттің даңқты ұрпағы, Қарпық Жаманқариннің шөбересі – Шәңгерей Жәнібеқұлы Жәнібеков (1924–2024), Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қарпық ауылының тумасы, атажұртына деген ыстық ықыласы мен шексіз махаббатын өмірбойы айтумен өтті: «Маған қазіргі заман өркениеттерінің бүкіл игілігін пайдалана отырып, Рудный, Қостанай, Алматы қалаларында тұрып, жұмыс істеуге тура келді. Бірақта, көз жауын алатын әсем қалалар, шамшырақты шаһарлар қанша айтсаң да кіндік қаның тамған, ауасын жұтып, суын ішкен, ана сүтін емген әрі алғашқы қадамыңды басқан жер бетіндегі жұдырықтай ғана ата-мекен туған жеріңе жетпейді екен. Мұндай жағдайды қазақтар “Туған жер – алтын бесігің, ұшқан ұяң”» деген сөзбен нақтылайды [Жаныбеков Шангерей 2014; Жаныбеков 2014].

Бір әулеттің тарихы арқылы бір өңірдің тарихының бөлшегін жазуға зор мүмкіндік бар. Тақырып бойынша әлі де зерттеу жұмыстары жалғасып, қосымша материалдармен толығырақ түседі деп сенеміз.



5 Қорытынды

Тобыл бойының мәдени-ландшафтық кеңістігіндегі дала өркениетінің үлкен бір кезеңі Ресей империясының жүргізген отарлаушылық саясаты тұсында көп қыры ашылмаған тарихымызды, белгілі тұлғаларымызды тану жолында жазылған бұл зерттеудің берері мол. Дархан дала төсіндегі құлпы шешілмеген құлпытастардың кілтін ашып, тарих көшіне ілестіру басты міндеттеріміздің бірі деп білеміз. Осы мақсаттарымызға жетіп, өзге өңірлерде кездесе бермейтін мәтіні айрықша, композициясы ерекше эпиграфикалық ескерткіш эпитафиясының мәтінін ескі қазақ тілінен қазіргі қазақ тіліне аударып, мағынасы көмескі тұстарының мәнін ашып, сонымен қатар, құлпытас қойылған тұлғаның өмір дерегі мен атқарған қызметі, қоғамдағы орыны туралы азды-көпті материалдар ұсындық.

Бұл мақалада Тобыл бойы аумағында бұрын зерттелмеген тың материалдар ғылыми айналымға еніп отыр. Зерттеу барысында дала өркениетінің белгісіз қырлары ашылды. Оның дәлелі, бір құлпытастың өзінен қаншама ақпарат алуға болады: эпитафияда үш тіл (араб, парсы, шағатай) еркін қолданыс тапқан. Ислам өркениетінің қатарынан ойып орын алып, Құран аяттары мен хадистердің мәтіні өте сауатты араб тілінде жазылған. Күллі ортаазиялық түркітілдес халықтар еркін қолданған шағатай-түркі жазба тіліндегі мәтіннің композициясы қазақтың дәстүрлі құлпытас мәтіндеріне сай келеді.

Қазақ Тобылы бойы аумағында сақталған құлпытастардағы тас қашау өнерінің ең көп тараған эпиграфикалық түрі қолданылған. Тасқа жазуды ойып қашаған. Мәселен, Момынай Ақтасқызының құлпытасының үстіңгі жағына шалқасынан жатқан жарты айдың бейнесі салынған. Тасқа жарты ай бейнесін салу технологиясы *hilāl* **هلال** ұғымына сәйкес келеді. **هلال** – жарты ай сөзі, арабша **الله** – Алла сөзімен әріптері бірдей, сондықтан бұлардың *абжад* есебі де бірдей болып келеді. Бұл екі сөзді *абжадқа* ауыстырса 66 саны шығады. Жарты айдың бейнесі арабша *Алла* сөзі мен *жарты ай* сөзінің мағынасын бірдей береді. Қазақ құлпытастарына осындай қасиет дарытып, тастың сакралдығын арттыру тұстары көп болған.

Бұдан бөлек, құлпытастарда ашық алақан (бес саусақ ашық түрінде) бейнеленуі кездеседі. Сопылық философияда бұны «белгісіз бес нәрсе» (*Муғайабат хамса*) деп атайды. Оның мәнісі – Алладан басқа ешкім білмейтін бес нәрсені жасырып көрсету. Құранның Лұқман сүресінің 34-аятында «белгісіз бес нәрсе» баяндалған: 1) Қиямет күні қашан болатыны; 2) Қанша мөлшерде жауын жауатыны; 3) Жатырдағының ұл немесе қыз екені; 4) Адам ертең не табатыны; 5) Адам қай жерде өлетіні белгісіз, білмейді. Сонымен қоса, ашық алақан – Исламның бес шарты немесе «дүние өмірінен ақыретке мал-дүние алып кетпеді, ашық алақанмен кетті» деген ұғымның образды бейнеленуі. Сондықтан да қазақ құлпытастарын зерттеу кезінде тек араб, парсы, шағатай тілін білуден бөлек, діни-сопылық сауаттылық өте қажет. Әрбір құлпытастың сырын ашу үшін жан-жақты зерттеу жүргізу керек.

Қазақ даласындағы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу ісінің болашағы зор. Әсіресе Тобыл бойындағы құлпытастар бұрын-соңды ешқашан зерттеу алаңына алынған емес. Бұл өңірдегі тастарды сөйлетіп, тарих сырын ашу – болашақтағы зерттеулер еншісінде.

Алғыс айту. Қамысты және Жітіқара аудандарының аумағындағы көне құлпытастардың орналасқан орыны жайында айтқан әріптес археологтар В.Н. Логвин мен С.С. Қалиеваға, құлпытастардың аймақтық ерекшеліктеріне алғашқы болып авторлар назарын аударған А.З. Бейсеновке, берген кеңестері үшін тарихшылар А.Б. Шалғынбеков пен Н.Ы. Жетпісбайға, құлпытастар жасалған тау жыныстарын анықтауда көмек көрсеткені үшін С.А. Нигматоваға,



құлпытас бетіндегі табиғи сипаттағы өзгерістер жайында кеңес бергені үшін Л.Ф. Чарлинаға¹², сондай-ақ, Қарпық байдың ататегі, өмірдерегі туралы мәліметтер берген белгілі ақын, журналист А. Шаяхмет мырзаға, өлке жайында, оның ішінде Қарпық ауылы жайлы ақпарат жинаған, Денисов ауданының өлкетанушысы С.Г. Карповқа, Қарпық ауылына жақын жердегі құлпытастарды зерттеу кезінде көмек берген Денисов ауылының тұрғыны – Б.Э. Испуловқа, Денисов тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері, әріптестеріміз Е.А. Баум, В.М. Топорковаға шын жүректен алғыс айтамыз. 2015–2024 жж. далалық зерттеулер жүргізу кезінде қолдау білдіріп, қол ұшын созған Қостанай облысының тұрғындарына арнайы ризашылығымызды білдіреміз.

ӘДЕБИЕТ

- 1 *Абиль Е.А., Күзембайұлы А.* Историческая топонимика Костанайской области. В 5-ти частях. Научное издание. Ч. 3 (Тарановский, Денисовский и Житикаринский районы). Костанай: ТОО «Центрум», 2010. 227 с.
- 2 *Ажигали С.* Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). Алматы: Науч.-изд. центр «Гылым», 2002. 654 с.
- 3 *Ажигали С.Е.* «Казахское памятниковедение» как важнейшее научно-практическое направление в сфере культуры // Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии. М-лы II Междунар. конф., посвящ. 20-летию независимости РК (г. Ақтобе, 14–18 сентября 2011 г.). Алматы; Ақтобе: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2011. С. 337–339.
- 4 *Ажигали С.Е.* Казахские кулпытасы – аналоги якутских сэргэ: ареал, типология, генезис // Северо-Восточный гуманитарный вестник. 2023. № 4 (45). С. 20–36.
- 5 *Ажигали С.Е., Бекназаров Р.А.* К методике комплексного исследования архитектурных некрополей и кладбищ Западного Казахстана: предварительные замечания (Из опыта работы ЗККАЭ) // Материалы 1 и 2 Симпозиумов по казахскому памятниковедению. Алматы; Атырау: Ағатай, 2012. С. 24–40.
- 6 *Базарбаева Г., Джумабекова Г., Сеитов А., Жамбулатов К.* К археологии Притоболья: анализ случайных находок наконечников стрел (VI–IV вв. до н.э.) из окрестностей г. Житикара (Северный Казахстан) // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2023. № 2 (20). С. 103–116.
- Бегимбаева Ж.* Проекты Оренбургского отдела Русского географического общества по изучению культуры кочевых народов Южного Урала во второй половине XIX века // Кочевые народы Центральной Евразии XVIII–XIX вв.: сравнительно-исторический анализ политики Российской империи. Сб. науч. ст. / Отв. ред. Г.С. Султангалиева. Алматы: Қазақ университеті, 2015. С. 55–66.
- 7 *Бейсенов А.З.* К.А. Акишев и вопросы изучения памятников казахского времени // Маргулановские чтения–2019 / Отв. ред. М.К. Хабдулина. Астана: НИИ археологии им. К.А. Акишева, 2019. С. 10–38.
- 8 *Бейсенов А.З.* Әлихан Бөкейханов ата қорымы Талдыбейіттегі құлпытастар // Қазақстандағы археологиялық зерттеулер–2021 / Бас ред. А. Касенәлі. Астана: ҚР Ұлттық музейі, 2022. 215–221-бб.
- 9 *Бейсенов А.З.* Поездка в Милыбулак, Центральный Казахстан: обследование курганов с «усами» и руин зимовок, чтение старинных кулпытасов // Уфимский археологический вестник. 2023. Т. 23, № 1. С. 109–127.
- 10 *Востров В.В., Муканов М.С.* Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.). Алма-Ата: Наука, 1968. 255 с.
- 11 *Джумабекова Г., Жамбулатов К., Сеитов А., Ахияров И., Лопатин В., Базарбаева Г.* Каратобе-3 – комплекс сарматского времени близ г. Житикара (Северный Казахстан): предварительное сообщение // Маргулановские чтения–2024 / Гл. ред. А. Онгарулы, отв. ред. Т.Б. Мамиров. Алматы: ИА КН МНВО РК (в печати).
- 12 *Евдокимов В.В., Сеитов А.М.* Савроматские погребения могильника Перелески II в Верхнем Притоболье // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2021. № 3 (13). С. 49–65.

¹² Геолог С.А. Нигматова мен реставратор Л.Ф. Чарлиның археологтармен бірлескен жұмыстарының нәтижесімен мақалаларынан танысуға болады. Мысалы, Танбалы кешеніндегі жаргас беттерін зерттеу мен сақтау тәжірибесі бойынша: [Нигматова и др. 2024; Чарлина 2024; и др.].



- 13 Жаныбеков Шангерей. Өнегелі өмір. В. 31 / Гл. ред. Г.М. Мутанов. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 462 б.
- 14 *Жаныбеков Ш.Ж.* О пройденном пути и добрых попутчиках: воспоминания одного из ветеранов Казахстана. Алматы: Қазақ университеті, 2014. 426 с.: ил.
- 15 История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. Т. V. 620 с. + 4 с. вкл.
- 16 *Картов С.Г.* Приаятые. Новосибирск: [б./и.], 2021. 544 с.
- 17 *Картов С.Г.* Послесловия. Сборник произведений разных жанров: очерки, повести, стихи. Новосибирск: [б./и.], 2024. 399 с.:ил.
- 18 Культура населения Тургая и сопредельных регионов: человек и эпоха. Коллективная монография / Отв. ред. Г.А. Базарбаева, Г.С. Джумабекова. Алматы: ИА КН МОН РК, 2017. 360 с.
- 19 *Логвин А.В., Сеитов А.М., Шевнина И.В.* Исследования кургана Жалтыр // Саки и савроматы Казахских степей: контакт культур / Отв. ред. А. Онгарулы. Алматы: ИА КН МОН РК, 2016. С. 107–110.
- 20 *Логвин А.В., Шевнина И.В., Лошакова Т.Н.* Исследования укрепленного поселения эпохи бронзы Камысты (предварительное сообщение) // Маргулановские чтения–2023. В 2-х т. Т. 1 / Гл. ред. А. Онгарулы, отв. ред. Т.Б. Мамиров. Алматы: ИА КН МНВО РК, 2023. С. 78–87.
- 21 *Логвин А.В., Шевнина И.В., Сеитов А.М.* Раннесарматское погребение кургана 1 могильника Каратомар // Маргулановские чтения–2019 / Отв. ред. М.К. Хабдулина. Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. С. 316–327.
- 22 *Логвин А.В., Шевнина И.В., Сеитов А.М., Немета А.В.* Ритуально-сакральные геометрические комплексы («геоглифы») Тургая. Костанай: Костанайский обл. историко-краеведческий музей, 2018. 132 с. (на каз., рус. яз.).
- 23 *Марғұлан Ә.Х.* Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер // Ежелгі мәдениет кұәлары / Ред. А.Х. Марғұлан. Алма-Ата: Қазақстан, 1966. 3–87-бб.
- 24 *Марғұлан Ә.Х.* Тарихи дәуірдегі қазақ тайпаларының жазу мәдениеті // Труды по культуре письменности казахского народа / Отв.ред. Ж. Артыкбаев. 2-ое изд.доп. Астана. Алтын кітап, 2007. (Библиотека казахской этнографии). Т. 8. С. 149-205.
- 25 Материалы по казахскому обычному праву. Сб. 1 / Под ред. С.В. Юшкова. Алма-Ата: АН КазССР, 1948. 350 с.
- 26 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей. Тургайская область. Кустанайский уезд. 1903. Т. 5. URL: <https://drive.google.com/drive/folders/1TsvkGmZb6QuWxRwnlyUkgHrsO78jJiEO> (дата обращения: 02.07.2024).
- 27 *Махортых С.В.* К вопросу о контактах населения Предкавказья с Поволжьём и Южным Уралом в VI в. до н.э. // Саки и савроматы Казахских степей: контакт культур / Отв. ред. А. Онгарулы. Алматы: ИА КН МОН РК, 2016. С. 128-141.
- 28 *Муминов Ә.Қ., Медерова Д.Е., Дүйсенев Б.Д.* «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері Алтын Орда кезеңінен кейінгі қоғамның тілдік-мәдени дереккөзі ретінде // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 2. 514–528-бб.
- 29 *Набиоллаұлы Н.* Хан зираты құпиясын ашты // *Danakaz* журналы. 2016. № 6 (29). 13-16-бб.
- 30 *Нигматова С.А., Мадиярова И.Т., Пирогова Т.Е., Марынич О.В.* Геолого-геоморфологические аспекты консервации петроглифов урочища Тамгалы (Шу-Илейские горы). *Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы)*. 2024. № 1 (23). С. 350–367.
- 31 О почетнейших и влиятельнейших ордынцах: алфавитные, именные, формулярные и послужные списки. 12 ноября 1827 г. – 9 августа 1917 г. / Сер. «История Казахстана в русских источниках XVI—XX веков, т. VIII. Ч. 2 / Сост., предисл., комм. и указатели Б.Т. Жанаева. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 962 с. + 8 с. вкл.
- 32 *Онгарулы А., Каирмагамбетов А.М., Нускабай А.А., Рахимжанова С.Ж.* Курган военной элиты саков Торгая // Поволжская археология. 2020. № 3 (33). С. 233–247.
- 33 *Ошанов О.Ж.* Жайлау как центр поминальной обрядности древних тюрков и казахов XVIII–XIX веков // *Qazaq Historical Review*. 2024. № 2. С. 91–224.



- 34 Сакральный ландшафт Сарыарки: Коллективная монография / Хабдулина М.К., Тлеугабулов Д.Т., Дукомбайев А.Т., Кошман Т.В., Букешева Г.К., Сапарова К.С., Файса А.М., Бонора Ж.Л. Нур-Султан–Рим: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020. 222 с.
- 35 Сеитов А.М., Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С. Раннесарматское погребение курганной группы Кенеш-3 в Казахском Притоболье // Поволжская археология. 2021. № 1 (35). С. 37–48.
- 36 Сейсем Ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы – Арабографическая эпиграфика некрополя Сейсем Ата – Arabographic Inscriptions of the Sisem Ata Necropolis // Кіріспе, құрастыру, араб, парсы, түркі тілдерінен аударма, көрсеткіштер А.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова, Н.А. Құлбаев. Ғылыми консультант М.С. Нұрқабаев. Ағылшын тіліне аударма Нил Робинсондікі / Жауапты ред. Б.М. Бабаджанов. Астана, 2015. 160 б.
- 37 Таиров А.Д. Южный Урал в эпоху ранних кочевников / История Южного Урала: в 8 т. Т. 3. Челябинск: Изд. центр ЮУрГУ, 2019. 400 с.
- 38 Тасмагамбетов И.Н. Құлпытас. Астана: ОФ «Берел», 2002. 392 б.
- 39 Хабдулина М.К. Тасмолинская археологическая культура: современное состояние // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. 2007. Вып. 2. С. 181–194.
- 40 Хасенова Б.М., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. След великой империи: изваяние древнетюркской эпохи из Притоболья (Северный Казахстан) // МАИАСП. 2023. № 15. С. 529–541.
- 41 Чарлина Л.Ф. История становления консервации петроглифов Тамгалы // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2024. № 1 (23). С. 305–349.
- 42 Шаблей П.С. История татарской общины Семипалатинска // Историческая этнология. 2020. Т. 5, № 1. С. 75–94.
- 43 Шаяхмет А. Қарабалық батыр өмірде болған адам // abai.kz. 10 сентября 2018 г. URL: <https://abai.kz/post/76437> (дата обращения: 02.07.2024).
- 44 Шаяхмет А. Тайбағар¹³. Астана: Фолиант, 2011. 578 б.
- 45 Шефер А.А. История Дамбарской и Валерьяновской волостей в архивных документах (конец XIX – начало XX веков) // Туған жер. История Костанайской области в краеведческих исследованиях и публицистике / Отв. ред. Ш.Е. Ермагамбетова, сост. Ю.П. Буданова. Лисаковск: Лисаковский музей истории и культуры Верхнего Притоболья Управления культуры акимата Костанайской области, 2018. С. 39-73.
- 46 Экологический атлас Костанайской области / Под ред. Ю.А. Ким. Костанай: Костанайполиграфия, 2004. 253 с.
- 47 Яблонский Л.Т. Прохоровка: у истоков сарматской археологии. М.: Таус, 2010. 384 с.

REFERENCES

- 1 Abil, E. A., Kuzembaiuly, A. 2010. *Istoricheskaya toponimika Kostanayskoy oblasti*. V 5-ti chastyah. Ch. 3 (*Taranovskiy, Denisovskiy i Jitikarinskiy raiony*) (*Historical toponymy of Kostanay region. In 5 parts. Part 3 (Taranovsky, Denisovsky and Jitikarinsky districts)*). Kstanay: “Centrum” Publ. (in Russian).
- 2 Azhigali, S. 2002. *Arhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kultury Evrazii pamyatniki Aralo-Kaspiyskogo regiona* (*Architecture of nomads – a phenomenon of the history and culture of Eurasia*) monuments of the Aral-Caspian region)). Almaty: “Gylm” Publ. (in Russian).
- 3 Azhigali, S. E. 2011. In: *Aralo-Kaspiiskiy region v istorii i kulture Evrazii* (*The Aral-Caspian region in the history and culture of Eurasia*). Almaty; Aktobe: Walikhanov Institute of History and Ethnology, 337–339(in Russian).
- 4 Azhigali, S. E. 2023. In: *Severo-Vostochnyi gumanitarnyi vestnik* (*North-Eastern Journal of Humanities*), 4 (45), 20–36 (in Russian).
- 5 Azhigali, S. E., Beknazarov, R. A. 2012. In: *Materialy 1 i 2 Simpoziumov po kazahskomu pamyatnikovedeniyu* (*Materials of the 1st and 2nd Symposiums on Kazakh monument studies*). Almaty; Atyrau: “Agatay” Publ., 24–40(in Russian).
- 6 Bazarbayeva, G., Jumabekova, G., Seitov, A., Zhambulatov, 2023. In: *Kazakstan arheologiyasy* (*Kazakhstan Archeology*), 2 (20), 103–116 (in Russian).
- Begimbayeva, Z. 2015. In: Sultangalieva, G. S. (ed.). *Kochevye narody Tsentralnoy Evrazii XVIII–XIX vv.: sravnitelno-istoricheskyy analiz politiki Rossiyskoy imperii* (*The Nomadic peoples of Central Eurasia of the*

¹³ Тайбағар – Алаш ардақтысы Елдес Омаровтың псевдонимі.



- 18th–19th centuries: a comparative historical analysis of the policy of the Russian Empire). Almaty: Kazakh University, 55–66 (in Russian).
- 7 Beisenov, A. Z. 2019. In: Khabdulina, M. K. (ed.). *Margulanovskie chteniya–2019 (Margulan readings–2019)*. Nur-Sultan: Gumilyov Eurasian National University, 10–38(in Russian).
- 8 Beisenov, A. Z. 2022. In: Kasenali, A. (ed.). *Kazakstandagy arheologiyalyk zertteuler–2021 (Archaeological research in Kazakhstan–2021)*. Astana: National Museum of the Kazakhstan, 215–221 (in Kazakh).
- 9 Beisenov, A. Z. 2023. In: *Ufimskiy arheologicheskii vestnik (Ufa Archaeological Herald)*, vol. 23, no. 1, 109–127 (in Russian).
- 10 Vostrov, V. V., Mukanov, M. S. 1968. *Rodoplemennoy sostav i rasselenie kazahov (konets XIX – nachalo XX v.) Tribal composition and settlement of Kazakhs (late 19th – early 20th century)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 11 Jumabekova, G., Zhambulatov, K., Seitov, A., Akhiyarov, I., Lopatin, V., Bazarbayeva, G. 2024. In: Onggaruly, A. (ed.). *Margulanovskie chteniya–2024 (Margulan readings–2024)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in print) (in Russian).
- 12 Evdokimov, V. V., Seitov, A. M. 2021. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 3 (13), 49–65 (in Russian).
- 13 Mutanov, G. M. (ed.). 2014. *Zhanybekov Shangerey. Onegeli omir (Remarkable People)*. Is. 31. Almaty: “Kazakh University” Publ. (in Kazakh).
- 14 Zhanybekov, S. Z. 2014. *O proidennom puti i dobrykh poputchikakh: vospominaniya odnogo iz veteranov Kazakhstana (About the life journey and gentle companions: memoirs of one of the veterans of Kazakhstan)*. Almaty: “Kazakh University” Publ. (in Russian).
- 15 Yerofeeve, I. V., Zhanaev, B. T. (compl.). 2007. *Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikah XVI–XX vekov (The History of Kazakhstan in Russian sources of the 16th–20th centuries)*. Vol. V. Almaty: “Daik-Press” Publ. (in Russian).
- 16 Karpov, S. G. 2021. *Priyatnye (Near Ayat River region)*. Novosibirsk(in Russian).
- 17 Karpov, S. G. 2024. *Poslesloviya. Sbornik proizvedeniy raznyh zhanrov: ocherki, povesti, stihi (Afterwords. A collection of works of various genres: essays, novellas, poems)*. Novosibirsk (in Russian).
- 18 Bazarbayeva, G. A., Jumabekova, G. S. (eds.). 2017. *Kultura naseleniya Turgaya i sopredelnykh regionov: chelovek i epoha (Culture of the population of Turgay and adjacent regions: man and epoch)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
- 19 Logvin, A. V., Seitov, A. M., Shevnina, I. V. 2016. In: Onggaruly, A. (ed.). *Saki i savromaty Kazahskikh stepey: kontakt kultur (Saks and Sauromats of the Kazakh steppes: contact of cultures)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 107–110 (in Russian).
- 20 Logvin, A. V., Shevnina, I. V., Loshakova, T.N. 2023. In: Onggaruly, A., Mamirov, T. B. (eds.). *Margulanovskie chteniya–2023 (Margulan readings–2023)*. In 2 vol. Vol. 1. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 78–87 (in Russian).
- 21 Logvin, A. V., Shevnina, I. V., Seitov, A. M. 2019. In: Khabdulina, M. K. (ed.). *Margulanovskie chteniya–2019 (Margulan readings–2019)*. Nur-Sultan: Gumilyov Eurasian National University, 316–327 (in Russian).
- 22 Logvin, A. V., Shevnina, I. V., Seitov, A. M., Neteta, A. V. 2018. *Ritualno-sakralnye geometricheskie komplekсы (“geoglify”) Turgaya (Ritual-sacred geometric complexes (“geoglyphs”) of Turgay)*. Kostanay: Kostanay regional museum of local history (in Kazakh, Russian).
- 23 Margulan, A. K. 1966. In: Margulan, A. K. (ed.). *Ezhelgi madeniet kualary (Witnesses of Ancient Culture)*. Alma-Ata: “Kazakhstan” Publ., 3–87 (in Kazakh).
- 24 Margulan, A. K. 2007. In: Artykbayev, Z. (ed.). *Trudy po kulture pismennosti kazahskogo naroda (Proceedings on the culture of writing of the Kazakh people)*. 2nd ed. (Biblioteka kazahskoy etnografii/The library of Kazakhs ethnography). Vol. 8. Astana. “Altyn kitap” Publ., 149–205(in Kazakh).
- 25 Yushkov, S. V (ed.). 1948. *Materialy po kazahskomu obychnomu pravu (Materials on Kazakh customary law) Sb. I*. Alma-Ata: Kazakh SSR Academy of Sciences (in Russian).
- 26 *Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, sobrannye i razrabotannye Ekspeditsiyey po issledovaniyu stepnykh oblastey. Turgayskaya oblast. Kustanaiskiy uезд (Materials on Kyrgyz land use collected and developed by the Expedition to explore the steppe regions. Turgay region. Kostanay county)*. 1903. Vol. 5. URL: <https://drive.google.com/drive/folders/1TsvkGmZb6QuWxRwnlyUkgHrsO78jJiEQ> (accessed: 02.07.2024).



- 27 Makhortyk, S. V. 2016. In: Onggaruly, A. (ed.). *Saki i savromaty Kazahskih stepey: kontakt ku'tur (Saks and Sauromats of the Kazakh steppes: contact of cultures)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 128–141 (in Russian).
- 28 Muminov, A. K., Mederova, D. E., Duysenov, B. D. 2024. In: *Otan tarihy (The Homeland History)*, 2 (27), 514–528 (in Kazakh).
- 29 Nabiollauly, 2016. In: *Danakaz*, 6 (29), 13–16 (in Kazakh).
- 30 Nigmatova, S., Madiyarova, I., Pirogova, T., Marynich, O. 2024. In: *Kazakstan archeologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 1 (23), 350–367 (in Russian).
- 31 Zhanaev, B. T. (compl.). 2006. O pochetneishih i vliyatelneishih ordyntsah: alfavitnye, imennye, formulyarnye i posluzhnye spiski. 12 noyabrya 1827 g. – 9 avgusta 1917 g. / Ser. Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikakh XVI—XX vekov (About the most honorable and influential Horde members: alphabetical, nominal, formulary and service records. November 12, 1827 – August 9, 1917 / Ser. History of Kazakhstan in Russian sources of the 16th–20th centuries). Vol. VIII, part 2. Almaty: “Daik-Press” Publ. (in Russian).
- 32 Onggaruly, A., Kairmagambetov, A. M., Nuskabai, A. A., Rahimzhanova, S. Z. 2020. In: *Povolzhskaya arheologiya (The Volga river Region archaeology)*, 3 (33), 233–247 (in Russian).
- 33 Oshanov, O. J. 2024. In: *Qazaq Historical Review*, 2, 91–224 (in Russian).
- 34 Khabdulina, M. K., Tleugabulov, D. T., Dukombayev, A. T., Koshman, T. V., Bukesheva, G. K., Saparova, K. S., Gaisa, A. M., Bonora, J. L. 2020. *Sakralnyi landshaft Saryarki (The sacred landscape of Saryarka)*. Nur-Sultan; Rome: Gumilyov Eurasian National University, (in Russian).
- 35 Seitov, A. M., Bazarbayeva, G. A., Jumabekova, G. S. 2021. In: *Povolzhskaya arheologiya (The Volga river region archaeology)* 1 (35), 37–48 (in Russian).
- 36 Muminov A., Nurmanova A., Qulbayev N. (comp.). 2015. *Seisem Ata korymynyn arab zhazyyndagy epigrafikasy – Arabograficheskaya epigrafika nekropolya Seisem Ata – Arabographic Inscriptions of the Sisem Ata Necropolis*. Astana (in Russian, Kazakh and English).
- 37 Tairov, A. D. 2019. *Yuzhnyj Ural v epohu rannih kochevnikov (Southern Urals in the era of early nomads)*. Chelyabinsk: South Ural State University (in Russian).
- 38 Tasmagambetov, I. N. 2002. *Qulpytas (Tombstone)*. Astana: “Berel” Publ. (in Russian).
- 39 Khabdulina, M. K. 2007. In: *Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazahstana (Issues of history and archaeology of Western Kazakhstan)*, 2, 181–194 (in Russian).
- 40 Khassenova, B., Jumabekova, G., Bazarbayeva, G. 2023. In: *Materialy po arkeologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)*, 15, 529–541 (in Russian).
- 41 Charlina, L. 2024. In: *Kazakstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 1 (23), 305–349 (in Russian).
- 42 Shablei, P. S. 2020. In: *Istoricheskaya etnologiya (Historical Ethnology)*, vol. 5, no. 1, 75–94 (in Russian).
- 43 Shayakhmet, A. 2018. In: abai.kz. URL: <https://abai.kz/post/76437> (accessed 02.07.2024) (in Kazakh).
- 44 Shayakhmet A. 2011. *Taibaghar (Taybagar)*. Astana: “Folio” Publ. (in Kazakh).
- 45 Schaefer, A. A. 2018. In: Ermagambetova, S. E. (ed.), Budanova, Y. P. (comp.). *Tugan zher. Istoriya Kostanayskoy oblasti v kraevedcheskih issledovaniyakh i publitsistike (Tugan zher. The history of the Kostanay region in local history studies and journalism)*. Lisakovsk: Lisakovsky Museum of History and Culture of the Upper Tobol river region of the Department of Culture of the Akimat of Kostanay region, 39–73 (in Russian).
- 46 Kim, Y. A. (ed.). 2004. *Ekologicheskij atlas Kostanayskoy oblasti (Ecological atlas of Kostanay region)*. Kostanay: “Kostanay Polygraphy” Publ. (in Russian).
- 47 Yablonskiy, L. T. 2010. *Prokhorovka: u istokov sarmatskoy arheologii (Prokhorovka: at the origins of Sarmatian archaeology)*. Moscow: “Taus” Publ. (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 30.07.2024.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 24.09.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.09.2024.





УДК 902.904 (574)
МРНТИ 03.41.91

<https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.207.224>

Скотоводы Мугалжар:

по материалам поселения эпохи бронзы Тарангул

© 2024 г. Шагирбаев М.С., Байтлеу Д.А.

Keywords: archaeology, archaeozoology, steppe zone, Bronze Age, Tarangul settlements, animal husbandry

Түйін сөздер: археология, археозоология, далалық аймақ, қола дәуірі, Таранғұл қонысы, мал шаруашылығы

Ключевые слова: археология, археозоология, степная зона, эпоха бронзы, поселение Тарангул, животноводство

Mambet Shagirbayev^{1*} and Darkhan Baitileu¹

^{1*}Corresponding author, Researcher, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-8176-9329 E-mail: mambet_87@mail.ru

¹Candidate of historical sciences, Margulan Institute of Archaeology in Astana, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-4083-5558 E-mail: baitileu@gmail.com

Mugalzhar Cattle Breeders:

based on the materials from the Bronze Age Tarangul settlement

The article presents the results of archaeozoological studies of animal bone remains discovered in 2021–2022 at the Bronze Age settlement of Tarangul (Kargaly district, Aktobe region). The purpose of the study is to identify cultural and economic species in the settlements of the Bronze Age of the Ural-Mugalzhar region, to understand the directions of development of animal husbandry and hunting in the region and to analyze the composition of ancient fauna. During the study, the species composition of the paleofauna was determined, the morphological features of domestic animals (age, exterior characteristics) were evaluated, the seasons of animal slaughter and pathological bone changes were revealed. A total of 6.089 bones belonging to mammals were studied, of which 2.447 (40.1%) bones were separated into specific animal species. Among the animal remains, bones of domestic animals predominated (95.6%), and bones of wild mammals were also found (4.4%). Cattle bones predominate among the remains of domestic animals (58.8%). The bones of small cattle are in second place (31.8%), horses are in third place (2.6%). Dog and pig bones are found in small quantities. It was noticed that most of the small cattle were slaughtered between the ages of 1.5 and 2.5 years. Most cattle were used for meat at the age of 2.5 years and older. The results of studies of the annual layer on the teeth of animals showed that animals were slaughtered more in autumn and winter (54.2%). The discovery of bone remains of newborns among the bones of cattle and small cattle indirectly confirms that the inhabitants wintered in the settlement.

Source of funding: The article was prepared within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan 2023–2024, IRN BR18574223.

For citation: Shagirbayev, M., Baitileu, D. 2024. Mugalzhar Cattle Breeders: based on the materials from the Bronze Age Tarangul settlement. *Kazakhstan Archeology*, 3 (25), 207–224 (in Russian). DOI: [10.52967/akz2024.3.25.207.224](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.207.224)

**Мамбет Сапарбекович Шагирбаев^{1*},
Дархан Айтжанұлы Байтілеу¹**

^{1*}корреспондент авторы, ғылыми қызметкер,
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы қ., Қазақстан

²тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Х. Марғұлан
атындағы Археология институты,
Астана қ., Қазақстан

**Мамбет Сапарбекович Шагирбаев^{1*},
Дархан Айтжанұлы Байтілеу¹**

^{1*}автор-корреспондент, старший научный
сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Марғұлана,
г. Алматы, Қазақстан

¹кандидат исторических наук,
Институт археологии им. А.Х. Марғұлана,
г. Астана, Қазақстан



Мұғалжар бақташылары:
қола дәуірінің Таранғұл қонысының
материалдары бойынша

Мақалада қола дәуірінің Таранғұл қонысынан (Ақтөбе обл., Қарғалы ауданы) 2021–2022 жылдары табылған жануар сүйектеріне жүргізілген археозоологиялық зерттеулердің нәтижелері беріледі. Зерттеудің мақсаты Орал-Мұғалжар өңіріндегі қола дәуірінің қоныстарындағы мәдени-шаруашылық түрлерін анықтау, өңірдегі мал шаруашылығы мен аңшылық кәсіптердің даму бағыттарын түсіну және ежелгі фаунаның құрамына талдау жүргізу болып табылады. Жұмыс барысында палеофаунаның түр бойынша құрамы анықталып, үй жануарларының морфологиялық ерекшеліктері (жас ерекшеліктері, экстерьерлік сипаты) бағаланып, жануарларды сою мезгілдері мен сүйектердегі бірқатар патологиялық өзгерістер анықталды. Жалпы 6089 сүтқоректілерге тиесілі сүйек зерттеліп, оның ішінде 2447 (40,1%) сүйек нақты түрге ажыратылды. Жануар қалдықтарының ішінде үй жануарларының сүйектері басым (95,6%), сондай-ақ жабайы жануарлардың сүйектері де (4,4%) кездесті. Үй жануарларының қалдықтарының арасында ірі қараның сүйектері басым (58,8%). Екінші орында – уақ мал (31,8%), үшінші орында – жылқы сүйектері (2,6%). Аз мөлшерде ит және шошқа сүйектері кездеседі. Уақ малдың басым бөлігі 1,5–2,5 жас аралығында көбірек сойылғаны байқалды. Ірі қараны 2,5 жастан асқанда көбірек етке пайдаланған. Жануар тістеріндегі жыл қабаттарын зерттеу нәтижелері жануарлардың күз және қыс мезгілдерінде көбірек сойылғанын (54,2%) көрсетті. Уақ мал мен ірі қара сүйектерінің арасында жаңа туған төлдердің сүйектерінің анықталуы, тұрғындардың қоныста қыстағанын жанама түрде растайды.

Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023-2024 жж. арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы, ЖТН BR18574223 жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Шагирбаев М.С., Байтілеу Д.А. Мұғалжар бақташылары: қола дәуірінің Таранғұл қонысының материалдары бойынша. *Қазақстан археологиясы*. 2024. № 3 (25). 207–224-бб. (Орысша). DOI: [10.52967/akz2024.3.25.207.224](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.207.224)

Скотоводы Мугалжар:
по материалам
поселения эпохи бронзы Тарангул

В статье приводятся результаты археозоологических исследований костных остатков животных, обнаруженных в 2021–2022 гг. на поселении бронзового века Тарангул (Каргалинский р-н, Актыубинская обл.). Целью исследования являлось определение культурно-хозяйственных типов на поселениях эпохи бронзы Урало-Мугалжарского региона, выявление направлений развития животноводства и охотничьих промыслов в регионе и проведение анализа состава древней фауны. В ходе работы определён видовой состав палеофауны, оценены морфологические особенности домашних животных (возраст, экстерьерные характеристики), выявлены сезоны забоя животных и некоторые патологические изменения костей. В общей сложности исследовано 6089 костей, принадлежащих млекопитающим, из которых 2447 (40,1%) костей определены до вида. Преобладали кости домашних животных, кости диких млекопитающих редки (4,4%). Среди остатков домашних животных наиболее многочисленны кости крупного рогатого скота (58,8%), на втором месте – кости мелкого рогатого скота (31,8%), на третьем – лошади (2,6%). В небольших количествах встречаются кости собаки и свиньи. Большая часть мелкого рогатого скота была забита в возрасте от 1,5 до 2,5 лет. Крупный рогатый скот содержался населением ради мяса – в основном в возрасте от 2,5 лет и старше. Результаты исследований годовых слоев на корнях зубов копытных показали, что забой по большей части осуществляли осенью и зимой (54,2%). Находки костных остатков новорожденных среди костей крупного и мелкого рогатого скота косвенно указывают на тот факт, что жители зимовали на поселении.

Источник финансирования: Работа выполнена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК на 2023–2024 гг., ИРН BR18574223.

Для цитирования: Шагирбаев М.С., Байтілеу Д.А. Скотоводы Мугалжар: по материалам поселения эпохи бронзы Тарангул. *Археология Казахстана*. 2024. № 3 (25). С. 207–224. DOI: [10.52967/akz2024.3.25.207.224](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.207.224)

1 Введение

В 2019 г. сотрудниками Института археологии им. А.Х. Маргулана совместно с коллегами из Актыубинского областного историко-краеведческого музея инициирована программа в области изучения, сохранения и популяризации древней и средневековой археологии Актыубинской области.



Одним из важных направлений научных изысканий стало выявление и исследование поселенческих комплексов эпохи бронзы в степной части Мугалжар и в Приюжноуральской степной предгорно-равнинной области. На первом этапе исследований в ходе разведочных работ обнаружен археологический комплекс Тарангул. Рекогносцировочные раскопки памятника начаты в 2020 г., а полноценные комплексные исследования объекта продолжаются и в настоящее время. Вопросам истории обнаружения и промежуточным результатам исследования комплекса посвящены отдельные статьи [Байтлеу, Калиева 2020; Байтлеу и др. 2021].

Археологический комплекс Тарангул является одним из новых и интересных памятников, который можно рассматривать в контексте проблем изучения Уральско-Мугалжарского горно-металлургического центра (ГМЦ) позднего бронзового века. Памятник расположен в северо-восточной части Орь-Илекской возвышенности, на левобережье р. Тарангул, в 6.3 км к северу от сельского округа Кос-Естек (Каргалинский р-н, Актюбинская обл.) (рис. 1).

Комплекс, состоящий из одноименного поселения и могильника, локализован на левом берегу р. Тарангул – на первой надпойменной террасе, разделенной на восточную и западную части оврагом с сезонным водотоком. На восточной части террасы располагается поселение Тарангул, которое характеризуется как стационарное поселение позднего бронзового века, связанное с кожумбердынской группой алакульской культуры. Кроме того, поселение Тарангул входит в систему




Рис. 1. Поселение Тарангул на карте Казахстана. Исполнитель: Мамбет Шагирбаев
1-сур. Таранғұл қонысы Қазақстан картасында. Орындаған: Мамбет Шагирбаев
Fig. 1. Settlement of Tarangul on the map of Kazakhstan. Performer: Mambet Shagirbayev



Уральско-Мугалжарского горно-металлургического центра и географически приурочено к Каргалинскому и Косистекскому рудным районам, а характер производственной деятельности древнего населения памятника связан непосредственно с металлургическим переделом и металлопроизводством [Байтлеу и др. 2022].

Анализ представительной коллекции археозоологического материала из поселения Тарангул был произведен ранее [Байтлеу, Шагирбаев 2021]. В ходе исследования определены видовая принадлежность костей, состав элементов скелета, степень раздробленности, возраст животных по состоянию зубной системы. Помимо этого, определялись следы термического воздействия и остеофагии. Необходимо отметить, что на начальном этапе изучения вследствие редкого обнаружения в культурном слое поселения костей молодых особей домашних млекопитающих было сделано предварительное заключение о превалировании на поселении Тарангул отгонной формы скотоводства [Байтлеу, Шагирбаев 2021: 147], но в настоящий момент новые сведения позволили дополнить и частично пересмотреть предварительные выводы.

В рамках настоящего исследования проведен археозоологический анализ костей животных, найденных на поселении Тарангул, определены таксономические группы, элементы и отделы скелета, соотношение количества особей в возрастных группах животных, исследована сезонность забоя домашних животных, проведены расчёты мясного потребления, а также исследованы патологические изменения на костях.

2 Материал и методы

Проанализированы данные по 6089 костям животных, которые получены при раскопках 2021-2022 гг. на общей площади 415 кв. м с мощностью культурного слоя, достигающей 190 см. Материал проанализирован по двум группам, соответствующим условно выделенным верхнему (0–50 см) и нижнему (50–190 см) стратиграфическим горизонтам. Большая часть костного материала имеет хорошую степень естественной сохранности (стадия 0 по: [Behrensmeyer 1978]), остальная часть остеологического материала имеет более значительные следы выветривания (стадия 1-2).

- 21 Муминов А.К. Шиитские культурные влияния на Центральную Азию (на примере деятельности ‘алидов) // *Ars Islamica: В честь Станислава Михайловича Прозорова* / Сост. и отв. ред. М.Б. Пиотровский, А.К. Аликберов. М.: Наука, 2016. С. 647–728.
- 22 Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV в.: автореф. дис. ... докт. филол. наук. М., 1965. 94 с.
- 23 Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. На материале «Хосрау и Ширин» Кутба. Кн. I. М.: Наука, 1979. 478 с.
- 24 Пославский И.Т. Развалины города Отрара // Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год III. Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1898. С. 236–238.
- 25 Сембин М. Арыстанбап // Білім және еңбек. 1987. № 2. С. 41–43.
- 26 Surah-translation. URL: <https://surahquran.com/Surah-translation/meanings-ru-language-2-surah-2.html> (accessed: 01.07.2024).
- 27 Тұяқбаев М. Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар. Алматы, 2000. 96 б.
- 28 Черкасов А. Поездка на развалины Отрара // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Год VIII. Ташкент: типо-литогр. В.М. Ильина, 1903. С. 70–74.
- 29 Шағырбай А.Д. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қалыптасқан діни ахуал // Адам әлемі. 2022. № 3 (93). 133–146-бб.
- 30 Ясауи Х.А. Диван-и Хикмет. Рукопись // Музей Арыстан-Баб. КП 7740.
- 31 Ясауи Х.А. Рисала дәр адаби тариқат. Қолжазба кітап / Жауапты ред. С.С. Моллақанағатұлы. Түркістан: «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі, 2021. 52 б.
- 32 *Bice Hayati*. Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi. Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, 2016. 400 s.

REFERENCES

- 1 Azhigali, S. E. 2023. In: *Severo-Vostochnyi gumanitarnyi vestnik (North-Eastern Journal of Humanities)*, 4 (45), 20–36 (in Russian).
- 2 Aqylbek, S. S. 2000. *Epigraficheskie pamiatniki kladbishcha Arystan-Bab (Epigraphic Monuments of the Arystan-Bab Cemetery)*. Shymkent: “Arys” Publ. (in Kazakh).
- 3 Aqylbek, S. S. 2009. In: *Izvestiia Natsionalnoy Akademii nauk Respubliki Kazakhstan. Ser. obshchestv. Nauk (News of the National Academy of Sciences. Social Sciences Series)*, 1 (268), 87–92 (in Russian).
- 4 Babadjanov, B. 2023. In: *Kazakhstan arheologiyasy (Kazakhstan Archeology)*, 2 (20), 203–221 (in Russian).
- 5 Babadjanov, B. M., Kurumbaev, A. Sh. 2023. In: *Istoriya, arheologiya i etnografiya Kavkaza (History, Archaeology and Ethnography of the Caucasus)* vol. 19, no. 3, 623–634 (in Russian).
- 6 *Babtdyng baby – Arystan-Bab (The Main Saint among Saints – Arystan-Bab)*. Electronical informational portal «aimak.com.kz». URL: <https://aimak.com.kz/?p=109#> (accessed 01.07.2024) (in Kazakh).
- 7 Baigunakov, D. S., Sabdenova, G. E. 2021. In: *Povolzhskaya arheologiya (The Volga river region archaeology)*, 4 (38), 167–178 (in Russian).
- 8 Gainullin, I. I., Abdullin, H. M., Kasimov, A. V., Gainutdinov, A. M., Hamidullin, S. R., Bagautdinova, L. N. 2023. In: *Vostok (Oriens)*, 6, 29–41 (in Russian).
- 9 Dastanov, O. 1967. *Aulieli zherler turaly shyndyq (The Truth about Sacred Places)*. Almaty: “Kazakhstan” Publ. (in Kazakh).
- 10 Devin, DeWeese. 2001. In: Hismatulin, A. A. (ed.). *Sufizm v Tsentralnoy Azii (zarubezhnye issledovaniya): sb. st. pamyati Fritsa Majera (1912–1998) (Sufism in Central Asia (foreign studies): collection of articles in memory of Fritz Mayer (1912–1998))*. St. Petersburg: Philology faculty of the St. Petersburg State University, 211–243.
- 11 Yolgin, Y. A. 2012. In: *Vestnik Natsionalnoy Akademii nauk Respubliki Kazakhstan (Bulletin of the Academy of Sciences RK)*, 2, 147–162 (in Russian).



- 12 Isabayev, G. A. 1990. In: *Izvestiia Akademii nauk KazSSR. Ser. obshchestv. nauk (News of the National Academy of Sciences. Social Sciences Series)*, 4, 40–45 (in Russian).
- 13 Kastan'e/Castagné, I. A. 1910. *Drevnosti Kirgizskoy Stepi i Orenburgskogo kraia (Antiquities of the Kyrgyz Steppe and the Orenburg Region) / Trudy Orenburgskoy uchenoi komissii (Proceedings of the Orenburg Scientific Archival Commission)*, 22 (in Russian).
- 14 Konstantinova, V. V. 1950. In: *Izvestiia Akademii nauk KazSSR. Seriiia arkhitekturnaia (News of the National Academy of Sciences. Architect. Series)*, 2 (80), 19–40 (in Russian).
- 15 Köprülü, F. 2016. *Türki âdebietinde alghashqy sopy-aqyndar (The First Sufi Poets in Turkic Literature)*. Translation Dr. Kenan Koch. Turkistan: A. Yasawi universitetining Okiletti kenges basqarmasy (Yasawi University Plenipotentiary Council Office) (in Kazakh).
- 16 Qozhaev, M. 1996. *Arystanbab zhâne onyng kesenesi (Arystan-Bab and His Mausoleum)*. Shymkent: “Zhibek zholy” Publ. (in Kazakh).
- 17 Margulan, A. K. 1997. *Mir kazakha (Kazakh World)*. Almaty: Institute of Development of Kazakhstan (in Russian).
- 18 Masson, M. E. 1930. *Mavzolei Khodzha Ahmeda Iasevi (Mausoleum of Khoja Ahmed Yasevi)*. Tashkent (in Russian).
- 19 Mederova, D. E., Nurmanova, A. S., Dyussenov, B. D., Qurmanbayeva, Q. S. 2020. In: Abusejitova, M. Q. (ed.). *Uly dala tarihy men madenieti (History and culture of the Great Steppe)*. Almaty: “Shyghys pen Batys”, 368–376 (in Kazakh).
- 20 Mendikulov, M. M. 2010. In: Margulan, A. K., Basenov, T. K., Mendikulov, M. M. (eds.). *Arkhitectura Kazakhstana (Architecture of Kazakhstan)*. Vol. 1 (in Kazakh, Russian). Almaty: “Oner” Publ., 181–203 (in Russian).
- 21 Muminov, A. K. 2016. In: Piotrovskiy, M. B., Alikberov, A. K. (eds.). *Ars Islamika. V chest' Stanislava M. Prozorova (Ars Islamica. In honor of Stanislav M. Prozorov)*. Moscow: “Nauka” Publ., 647–728 (in Russian).
- 22 Nadzhip, E. N. 1965. *Kypchaksko-oguzskiy literaturnyy yazyk mamliukskogo Egipta XIV v. (Kipchak-Oguz Literary Language of Mamluk Egypt in the 14th century)*. Abstract of the Thesis Dr. Philology Sciences. Moscow (in Russian).
- 23 Nadzhip, E. N. 1979. *Istoriko-sravnitelnyy slovar tyurkskikh yazykov XIV veka. Na materiale “Khosrau i Shirin” Kutba (Historical and comparative dictionary of Turkic languages of the 14th century. Based on the material of “Khosrau and Shirin” by Qutb)*. Book I. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).
- 24 Poslavskiy, I. T. 1900. In: *Protokoly Turkestanskogo kruzhka liubitelei arkheologii (Protocols of the Turkistan Circle of Amateurs of Archaeology)*, III. Tashkent, 236–238 (in Russian).
- 25 Sembin, M. 1987. In: *Bilim zhâne eñbek (Education and Work)*, 2, 41–43 (in Kazakh).
- 26 Surah-translation. URL: <https://surahquran.com/Surah-translation/meanings-ru-language-2-surah-2.html> (accessed: 01.07.2024).
- 27 Tuyaqbayev, M. 2000. *Turkistanda zherlengen tarihi tulghalar (Historical figures buried in Turkistan)*. Almaty (in Kazakh).
- 28 Cherkasov, A. 1903. In: *Protokoly Turkestanskogo kruzhka liubitelei arheologii (Protocols of the Turkistan Circle of Amateurs of Archaeology)*, VIII, 70–74 (in Russian).
- 29 Shagyrbay, A. D. 2022. In: *Adam alemi (Human world)* 3 (93), 133–146 (in Kazakh).
- 30 Yasawi, K. A. 1281. *Divan-i Hikmet*. Manuscript of the Arystan-Bab Museum, KP 7740 (in Turkish).
- 31 Yasawi, K. A. 2021. Mollakanagatuly, S. S. (ed.). Yasawi, Khoja Ahmed. *Risala dar Adab-i Tariqat. Qolzhazba Kitap (Treatise on the Etiquette of Sufi Brotherhood. Manuscript Book)*. Turkistan: Reserve-Museum “Azret Sultan” (in Kazakh).
- 32 Bice, Hayati. 2016. *Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi (Khoja Ahmet Yasawi Who is the Holy Person of Turkistan)*. Ankara: Khoja Akhmet Yassawi International Turkish-Kazakh University (in Turkish).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 01.08.2024.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 24.09.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.09.2024.





Алтай қазақтарының рулық таңбаларына шолу

© 2024 ж. Сейітханұлы Ш., Самашев С.Қ.

Keywords: tanba, sign, Kazakh people, clan-tribe, Altai Kazakhs

Түйін сөздер: таңба, белгі, қазақ халқы, ру-тайпа, Алтай қазақтары

Ключевые слова: тамга, знак, казахский народ, род-племя, казахи Алтая

Shynarbek Syeitkhan^{1,2} and Samat Samashev^{3*}

¹Institute of History and Ethnology of the Mongolian Academy of Sciences, Ulaanbaatar, Mongolia

²Bursa Uludag University, Bursa, Turkey. ORCID: [0000-0003-3068-4418](https://orcid.org/0000-0003-3068-4418) E-mail: shynarbek20@gmail.com

^{3*}Corresponding author, State Historical and Cultural Reserve-Museum “Berel”, Kazakhstan, village Zhambyl, Katon-Karagay district, East Kazakhstan region. ORCID: [0000-0003-3450-3629](https://orcid.org/0000-0003-3450-3629) E-mail: ssamashev@gmail.com

Review of Tribal Symbols of Altai Kazakhs

There is a lot of historical data on the use of signs by nomadic peoples since ancient times. It is not known from what language the words tamga, tamaga, damga, used in the ordinary sense among Turkic and Mongolian peoples, were originated. According to written sources, the information about the sign is recorded in the ancient Turkic language in the form of *tamya* or *tamyači*, and in some Persian and Turkish sources - “belgü”, “tuğra (tuğra)”, “mühür”, “mör”, “tamya”, “tavro”, “nişan” words are written in the meaning of a sign, symbol. The concept of “tamga” was used differently or equally by Turkic and Mongolian peoples, who have had close ties since ancient times. From the historical point of view it is known that the use of the symbol went through different stages of development. Especially in different periods of the Stone Age, the signs and symbols were used to designate specific places, holy places, possession of weapons and various other things. However, in the Paleolithic-Neolithic period, although social organizations were not developed, the signs were widely used, but their exact definition still requires scientific research. The archaeological excavations show that the tradition of using signs originated in very early times. Based on such historical and archaeological data, it can be assumed that the use of symbols among nomadic tribes began in the Bronze Age, even earlier. However, to date, the international studies have explored the traditions of sign formation and use, but the research conducted on the history and use of signs among nomadic peoples is still insufficient. This article presents brief scientific information about “tanba (sign, symbol)” and gives information about the meaning of Kazakh tribes and the system of signs and symbols of the Altai Kazakhs.

Source of funding: The publication was carried out within the framework of granted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2024–2026, project IRN AP23486716.

For citation: Syeitkhan, S., Samashev, S. 2024. Review of Tribal Symbols of Altai Kazakhs. *Kazakhstan Archeology*, 3 (25), 262-273 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2024.3.25.262.273](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.262.273)

**Шынарбек Сейітханұлы^{1,2},
Самат Самашев^{3*}**

¹Моңғолия Ғылым академиясының
Тарих және этнология институты,
Ұланбатыр қ., Моңғолия

²Бурса Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия
^{3*}корреспондент авторы, «Берел» мемлекеттік
тарихи-мәдени музей-қорығы, Жамбыл ауылы,
Катонқарағай ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан

**Шынарбек Сейтхан^{1,2},
Самат Самашев^{3*}**

¹Институт истории и этнологии Академии наук
Монголии, г. Улан-Батор, Монголия

²Университет Бурса Улудаг, г. Бурса, Турция
^{3*}автор-корреспондент, Государственный историко-
культурный заповедник-музей «Берел», Казахстан,
с. Жамбыл, Катон-Карагайский р-н,
Восточно-Казахстанская область



Алтай қазақтарының рулық таңбаларына шолу

Көшпелі халықтар ерте заманнан бері таңба қолданғандығы туралы тарихи деректер көптеп кездеседі. Соның ішінде Түркі және Моңғол халықтары арасында ортақ мағынада қолданылып келген *тамга*, *тамага*, *дамга* сөздері нақты қай тілден шыққандығы белгісіз. «Таңба» туралы мәліметтер жазба деректер бойынша көне түркі тілінде *tamya* немесе *tamyačī* түрінде ескерткіштердің жазба мәтіндерінде және парсыша, түрікше жазылған кейбір деректерде “belgü”, “tuγraγ (tuγra)”, “mühür”, “mör”, “tamya”, “tavro”, “nišan” деген сөздер *белгі*, *нышан* мағынасында жазылған. «Тамга» ұғымы ерте заманнан бері тығыз қарым-қатынаста болған Түркі және Моңғол халықтары арасында әртүрлі немесе ұқсас қолданылған. Тарихи тұрғыдан алғанда, таңбаның қолданылуы әртүрлі даму кезеңдерінен өткені белгілі. Әсіресе, тас дәуірінің әртүрлі кезеңдерінде таңбалар мен белгілер нақты бір жерді, киелі мекендерді белгілеу және қару-жарақтар мен басқадай алуан түрлі заттарды меншіктеу мақсатында қолданылған. Алайда палеолит-неолит дәуірінде әлеуметтік ұйымдар айтарлықтай дамымаса да, таңбалар кеңінен қолданылды, бірақ оларды нақтылап анықтау үшін әлі де ғылыми зерттеулер қажет. Таңба қолдану дәстүрі өте ерте кезден басталғаны туралы мәліметтер археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде белгілі болуда. Осындай тарихи-археологиялық мәліметтерге сүйене отырып, көшпелі тайпалар арасында таңбалардың қолданысы қола дәуірінен, одан да ертерек басталған деген болжам жасауға болады. Дегенмен бүгінге дейін халықаралық зерттеулерде таңбаның қалыптасуы және қолданылуы дәстүрі біршама зерттелсе де, көшпелі халықтардың арасындағы таңбаның қолданылуы және тарихы туралы жүргізілген зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Біз мақаламызда «таңба» туралы қысқаша ғылыми мәлімет бере келе, қазақ ру-тайпаларының маңыздылығы және Алтай қазақтарының белгі, таңба жүйесі туралы деректердегі мағлұматтарды ұсындық.

Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024–2026 жж. гранттық қаржыландыруы шеңберінде, ЖТН АР23486716 жобасы аясында орындалды.

Сілтеме жасау үшін: Сейітханұлы Ш., Самашев С. Алтай қазақтарының рулық таңбаларына шолу. *Қазақстан археологиясы*. 2024. № 3 (25). 262–273-бб. DOI: [10.52967/akz2024.3.25.262.273](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.262.273)

Обзор родовых символов казахов Алтая

На сегодняшний день имеется множество исторических сведений об использовании знаков кочевыми народами с древнейших времен. Неизвестно, из какого языка произошли слова *тамга*, *тамага*, *дамга*, использовавшиеся у тюркских и монгольских народов. Согласно письменным источникам, информация о знаке зафиксирована в древнетюркском языке в форме *tamya* или *tamyačī*, а в некоторых персидских и турецких источниках – слова «belgü», «tuγraγ (tuγra)», «mühür», «mör», «tamya», «tavro», «nišan» написаны в значении знака, символа. Понятие «тамга» по-разному или одинаково использовалось тюркскими и монгольскими народами, имевшими тесные связи с древнейших времен. С исторической точки зрения использование символа проходило разные этапы развития. В частности, в разные периоды каменного века знаки и символы использовались для обозначения определённых, священных мест, владения оружием и различных других вещей. Однако в период палеолита–неолита, хотя социальные организации не были развиты, знаки широко использовались, но их точное определение до сих пор требует научного исследования. Археологические раскопки показывают, что традиция использования знаков появилась в древности. Основываясь на такие исторические и археологические данные, можно предположить, что использование символов среди кочевых племен началось в бронзовом веке, возможно и раньше. Несмотря на то, что в настоящее время в международных исследованиях изучены традиции формирования и использования знаков, исследований по истории и использованию знаков у кочевых народов, всё ещё недостаточно. В данной статье представлена информация о «танба» и приводятся сведения о значении казахских племён и системе знаков и символов алтайских казахов.

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках грантового финансирования Комитета науки МНВО РК 2024–2026, ИРН проекта АР23486716.

Для цитирования: Сейтхан Ш., Самашев С. Обзор родовых символов казахов Алтая. *Археология Казахстана*. 2024. № 3 (25). С. 262–273.

DOI: [10.52967/akz2024.3.25.262.273](https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.262.273)



1 Кіріспе (Сейітханұлы Ш., Самашев С.)

«Таңба» сөзінің пайда болуы және қолданылуы туралы қысқаша мағлұмат. «Таңба» ескерткіштері мәтіннің ең көне элементтерінің бірі болып саналады. Түркі тайпалары арасында да, одан ерте замандарда да қолданылғаны белгілі. Бұл термин XIII–XV ғасырларда Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс, Кавказ жерлерінде кеңінен таралып, көне атауы сақтала отырып, «ханның мөрі қойылған құжат» немесе «салық» дегенді білдіретін жаңа мәнге ие болған. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «tamga» (тамға, тамка) деген терминдер қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың үндестік заңына сәйкес түрленіп, *m* дыбысы *н*-ға, *g*-дыбысы *б*-ға ауысып, «таңба» атауы қалыптасқан. Қырғыз тілінде *там* – тұтану, от алу. Қазақ тілінде де *там* – «тұтан», «жан» етістіктеріне синонимдес болып келеді. Отты тұтату, жағумен байланысты қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген «тамыз», «тамызу», «тамызық» сияқты сөздердің де түбірі *там* екендігі рас. «Тамға» (таңба) дегеніміз қарып күйдіру арқылы ірі қара малдың (көбінесе жылқының) сауырына басылатын белгі. Сөйтіп, тамға сөзінің түпкі мағыналық төркіні «там» болғанын, *-га* жұрнағы түбір етістікке жалғанып есім сөз тудырғанын, яғни оның да *-қа* тәрізді (мысалы, тұтқа, жаңқа және т. б.) өнімді жұрнақ екенін аңғаруға болады.

«Таңба» сөзінің төркінін қарастыру үшін түркі тіліндегі деректер мен ғылыми еңбектерге сүйену маңызды. Мәселен, О. Акчокраклы өз еңбегінде: *Damla*-тамшы, *tammak*-тамшылау, *tamura*-тамыр, *tamgizmak*-тамшылату сияқты жұрнақтар көп болғанымен, бұл сөзді мағына жағынан түбірге жалғау айтарлықтай қиын деп келтіріп өткен. Сондай-ақ *Tamga*, *damga* сөзінің *iz*, *tab* мағанасында *tapka* немесе *tapkaç* сөздерінен шыққан деген пікірдің дәлелсіз екендігін айта келіп, бұл сөздің төркінін әлі де нақты зерттеуді тіл мамандарының еншісіне қалдырады. Алайда *dağ* (дағ) сөзі (ыстық темірмен күйдіру) мағынасында *dağlamak* (дагламак) сөзінен шыққан, «*дамга*» *там* мағынасында *даглама* сөзімен байланысты деген пікір білдірген [Акчокраклы 1996: 35]. Отандық зерттеуші Н. Базылхан көне түркілер таңбаларын «*tamyā*» деп атаған дей келе, оның екі мағынасын атап өтеді: біріншісі – ру, тайпалардың белгісі, таңбасы; екіншісі – қағанның алтын мөр белгісі. Оның пікірінше, аталмыш сөздің түп-төркіні **tap-* // **tab-* (бірдеңенің ізі, қалдығы, із қалдыру – «таптау, табы, табандау») және *tam-* (тамызу, күйдіру, белгі-ен басу) дегенді білдірсе, *tam+ya* > *tamyān* (*tamyā+n* / *tamyā+čī* - мағынасы: мөр жасаушы, мөр таңба сақтаушы) > *taŋba* («таңба, таңбалау») деген бағытта дамып өрбіген, ал көне моңғол тілінде «*taba*» – тав (табы, ізі), «*tamaŋa*» – тамага, тамга (таңба) қалпында сақталған [Самашев және т. б. 2010: 35–39].

1.2 Зерттелу тарихына шолу

Қазіргі уақытта таңбаларға қатысты ғылыми еңбектердің қатары күн санап арта түсуде. Солардың ішінде біз қарастырып отырған уақыт пен кеңістікті қамтитын кейбір еңбектерге тоқтала кетсек. Мысалы, түрік зерттеушісі Ж. Алыылмаз жартастағы таңбалардың бүгінде Моңғолия, Алтай, Тува, Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан және Анадолы жерлерінен анықталып отырғанын айтады [Alyılmaz 2002: 613–615; Mert 2007: 234]. Сібір аймақтарында зерттеу жүргізген С. Сомунжуоғлұның айтуынша, таңбалар Ресейдің Лена өзенінің аңғарында, Қырғызстанда, Саймалыташ пен Әзірбайжан-Гобустанда көбірек табылған. Сонымен қатар Бурятияда, Хакасияда, Байкал маңында, Оңтүстік Сібірде, Моңғолияда, Тувада, Солтүстік Қытайда, Алтайда, Қазақстанда, Өзбекстанда, Ауғанстанда, Түрікменстанда және Шығыс Анадолы мен Батыс Анадолыда да әртүрлі таңба үлгілері кездесетіндігін және таңба тарихының б.д.д. 14000 жылдарға дейін тереңдей түсетінін жазған [Somuncuoğlu 2008: 12–18]. Таңбалар көптеп табылған жерлер Қытай деректерінде көрсетілген Хакас-Минуса және Тыва, Моңғолия жерлері болып саналады. Бұлардан басқа археологиялық зерттеулерде Алтай таулары, Шығыс Түркістан, Түрікменстан, Қырғызстан, Қырым түбегі, Оңтүстік Ресей және басқа аймақтардағы жартастар мен сынтастардың беттерге жазылғаны



туралы мәліметтер бар [Ервероглу 2005: 13]. Ал қазақстандық зерттеуші М.Қарамендинаның пікіріне сүйенсек, таңбаның ең көп табылған жерлері Дағыстандағы Урецьк қалашығы және Қарашай-Черкесск жеріндегі Хумарин қалашығы болғандығын келтіреді [Қарамендина 2021: 7].

Таңбалардың нақты қашан қолданылғаны даулы болса да, қола дәуірінен бастап әлеуметтік, дипломатиялық, күнделікті және т. б. жұмыстарда қолданылғаны белгілі. Алайда таңбалардың қай кезеңде пайда болғандығын және олардың мағыналарын толықтай түсіндіру мүмкін емес. Кейбір ғалымдардың көзқарасынша рулық таңбалар қоғам дамуымен бірге туыстық (отбасылық) белгілерге айналған. Таңбалар одан кейін әсіресе, мемлекеттік, әкімшілік басқару жүйесінде, сыртқы саяси жұмыстарда қолданылған. Эпиграфиялық мәліметтерге сүйенсек, таңбалардың ең көне түрлері геометриялық фигуралар (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) түрінде, ал кейбіреулері әріп пішіндес болған [Сейітхан, Жаныкулов 2024: 268].

Заманауи таңбатануда ортағасырлық қазақ даласы таңбаларының шығу тарихы мен таралуына қатысты сан алуан пікір бар. Солардың ішіндегі ең негізгілердің бірі М. Тынышпаев қазақ таңбаларының ноғай, башқұрт және Қазан татарларының ру таңбаларымен ұқсас келетіндігін айтқан [Тынышпаев 2010: 88–89]. О. Акчокраклы өз еңбегінде Қырым татарларының таңбаларын зерттеу барысында *алаш*, *қырғыз*, *қазақ* атты ауылдардың кездескендігін және олардың өздеріне тән *алаш*, *қырғыз-қазақ*, *бой қазақ* атты таңба атаулары болғандығын жазып, арнайы кестесін жасап көрсеткен [Акчокраклы 1996: 14–17].

Зерттеушілердің келесі бір тобы қазақ ру-тайпа және жүздерінің қалыптасуын тарқата келіп, қазақ жүздерін XV-XVI ғасырлар аралығында Қазақстанның әр өңірінде қалыптасқан тайпалардың одағы ретінде қарастырған. Сондай-ақ жүздердің шығуы мен «жүз» атауының тарихи мәні туралы ғылыми тұрғыда дәлелденген ортақ бір пікірдің әлі жоқ екендігін алға тартқан, Н.И. Гродеков, Г.Н. Потанин және Н.А. Аристов тәрізді авторлардың қазақ жүздерінің шығуына қатысты еңбектерін халық арасында кеңінен тараған аңыз-әңгімелерге сүйеніп жазғанын келтірген [Арғынбаев және т.б. 2000: 15].

Зерттеуші А.Е. Рогожинский қазақтың үш жүзінің рулық-тайпалық белгілері 200 жылдан астам уақыт бойы зерттеліп келе жатқандығын атап өтеді. Алдымен XVIII ғасырдың соңына қарай Орынбор даласы мен Ертіс өңірінің таңбалары, ізінше XIX ғасырда Кіші жүздің және Орта жүздің негізгі тайпаларының таңбалары туралы мәліметтер жинақталды, ал XIX ғасырдың соңында Қазақстанның оңтүстігі Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін Ұлы жүз таңбаларын тіркеу басталғанын айтады [Рогожинский 2010: 101]. М. Қарамендина өз еңбегінде Ю.А. Шмидт, Ә.Х. Марғұланның зерттеулерін негізге ала отырып, қазақ ру-тайпаларының таңбасы үшін ерекше маңызды болып саналатын «Таңбалы тас» (Тамғалы тас) ескерткішіне тоқталады [Қарамендина 2021: 72]. Бұл ескерткішті алғаш 1895 жылы Л. Кузнецов пен Х. Бекхожин зерттеп, тастағы ру таңбаларының көшірмесін алған [Кузнецов 1927: 1–3], сондай-ақ ескерткіш Ә.Х. Марғұланның ғылыми-танымдық мақаласына да арқау болған [Марғұлан 1984: 132–146].

2 Материалдар және зерттеу тәсілдері (Сейітханұлы Ш., Самашев С.)

2.1 Зерттеу әдістері

Бұл мақала қазақ жеріндегі таңба-белгілерді, соның ішінде Алтай қазақтарына тән таңбаларды зерттеу мәселесіне кіріспе есебінде болғандықтан, әзірше тек теориялық талдауды ғана қамтып отыр. Сондықтан негізінен деректанулық талдау әдістемесі басшылыққа алынды. Алдымен мақалаға арқау болған дереккөздер деректанулық, яғни сыртқы және ішкі сыннан өткізіліп, деректердегі нақты мәліметтер логикалық талдау және салыстыру тәсілдері арқылы тексерілді.

Сондай-ақ «таңба» сөзінің шығу тегі герменевтикалық тәсілді қолдана отырып қарастырылған болса, таңба «құбылысының» пайда болуы, дамуы, дәуірлер арасындағы сабақтастығы және



этнографиялық кезеңде бұрынғы мән-мағынасын жоғалта бастауы синергетикалық әдістің қарқынды және жүйелі қағидаттарына сүйеніп талданды.

2.2 Материалға сипаттама

Қазақ таңбаларының ең көнесін жартас суреттері (петроглифтер) арасынан кездестіруге болады. Отандық сөздіктерде таңба сөзінің анықтамасы – дақ, белгі, ен, мөр деп берілген [Қазақ дәстүрлі мәдениетінің... 1997: 216]. Сондай-ақ тіл мамандары таңба, тамға, дамға деп кездесе беруін метатезалық құбылыспен түсіндіреді [Бсқақов және т.б. 1966: 182-183]. Ал Базылхан Бұхаттың айтуынша, «м» мен «н»(η), «ғ»-ға, «б» дыбыстары өзара сыну және өзгеру құбылысына сәйкес өзгерген. Мысалы, көне моңғол тіліндегі «тамақ-а», «тамақалағу», «тамақату» сөздері бүгінгі қазақ тілінде «таңба» (таңба), «таңбалau» (таңбалаяу), «таңбалı» (таңба басылған) ретінде қолданылады [Базылхан 1973: 91].

Дала көшпелілері арасындағы туыстық байланыстағы топтар – «ру» және оның төменгі деңгейін құрайтын топтар «тайпа» деп аталады. Қазақтарда «ру-тайпа» ұғымы қалыптасқан. Н. Аристовтың пікірінше, ру-тайпалардан бөлініп шыққан тармақтардың әрқайсысы және олардан құралған бірлік «ұрық» деп аталады. Жалпы, қазақ халқы бірнеше негізгі тайпаларға бөлінеді, олар кіші рулардан құралады [Аристов 1894: 391-486].

Қазақтың Ұлы, Орта және Кіші жүз таңбаларының көбінің атауы, рулық атаумен бірдей. Мысалы, ашамайлы, бағаналы, балталы, ергенекті, ошақты, сіргелі, тарақты, шанышқылы – әрі ру, әрі таңба атаулары болып келеді [Сейдімбек 2008: 654]. Ру атауларының таңба атауларымен сәйкес келуінің себебі ғылыми тұрғыдан нақты зерттеле қойған жоқ. Алайда бұған қатысты екі түрлі көзқарастың бар екендігі айқын. Бірі – тайпалар таңба атауымен аталды десе, екінші көзқарас – таңбалар тайпа атауымен аталған дейді. Біздің ойымызша, ру атаулары ру таңбаларын қолданғанға дейін болған. Қазақ руларында таңбалар қолданыла бастаған кезден бастап әр таңба рудың атауымен аталды десек ғылыми негізге саяды. Дегенмен кейбір зерттеушілер ру атаулары бұрын қолданылған таңба атауларымен аталған дейді. Оның себебін ежелгі тайпалардың туларындағы, қару-жарақтары мен киім-кешектеріндегі таңбалар олардың қай тайпа екендігін білдіретін болған деп түсіндіреді.

3 Талқылау (Сейітханұлы Ш., Самашев С.)








































































Қазақ қоғамындағы ұлттық салт-дәстүр және «идеологиясына» қарай ру-тайпалардың таңбалары қанша өзгеріп, тармақталса да, таңбалардың негізгі формалары осы уақытқа дейін сақталған. Түрлі қиын-қыстау дәуірлерде де таңбаның негізгі элементтерін сақтауға тырысты, ал өзгертулер таңбаға тек қосымша сызық немесе елеусіз белгі қосу арқылы мұқият жасалғаны белгілі. Өйткені қазақ арасында рудың таңбасын өзгерту өз құндылығын немесе тәуелсіздігін жоғалту деп есептелген. Қазақтың ру-тайпалық белгілерінің өзгеруі екі негізгі жолмен жүзеге асқан деп саналады: 1) таңба пішінінің тармақталуы, негізгі таңбаға қосымша сызықтар қосу арқылы жасалған; 2) сызықтарды біріктіру арқылы жаңа түр пайда болған, яғни екі бөлек белгі біріктірілген. Алайда қазақ руларымен тектес басқа туыс рулардың таңбалары бір-біріне сәйкес келмейді. Мысалы, қазақтар мен ноғайлар арасында арғын, найман, қыпшақ, қоңырат, керейт, қаңлы, үйсін, телеу, шекті, ырғақты, қитай, ергенекті, қостаңбалы, маңғыт сынды рулар бар. Бірақ ноғайлар арасында найман таңбасы – «балға» Т, керейт таңбасы – «қылыш» J, қыпшақ таңбасы – араб әршімен жазылған «дал» Δ, қоңырат таңбасы – «құйысқан» >, үйсін таңбасы - қос әліп» ||, Арғын таңбасы – «тарақ» ПП. Бұл таңба үлгілері қазақ руларының аттас таңбаларынан өзгеше [Сейдімбек 2008: 650]. Дегенмен ноғайлар мен қазақтар арасындағы аттас тайпалардың кейбірлерінің таңбаларында ұқсастық бар екенін айта кеткен жөн.

Қазақ ханы Тәукенің тұсында (1680–1718) таңбаларға «заңдық» күш берілген, ол жөнінде «Жеті Жарғыда» баяндалған [Қазақтың этнографиялық... 2014: 344]. Қазақта отбасылық таңбалардың шығуын да Тәуке ханмен байланыстырады [Вяткин 1941: 117-118].



Қазақ халқының ру-тайпалық таңбаларын зерттеп, әр рудың таңбасын анықтаған М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Н.И. Гродеков, Н. Мыңжан, А. Левшин, Л. Мейер, И. Казанцев, А. Харузин, С.Е. Әжіғали т.б. ғалымдардың еңбектерінде келтірілген таңба пішіндері негізінде бір-бірімен ұқсас келеді. Тек кейбір рулардың ғана таңба үлгісінің саны мен пішіндерінде аздаған өзгешеліктер бар. Бұлардың барлығын біз осыған дейінгі мақалаларымызда тарқатып жазып қойғандықтан [Samashev 2010: 331–340; Сейітханұлы, Жаныкулов 2024: 263–282; Самашев, Сиражева 2022: 32–42] бұл жерде қайталаудың қажеті жоқ.

Қазақ ру-тайпаларының таңба пішіндерін және оның мағыналарын ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстары әлі де толық қолжетімді емес. Сондықтан да бұл тақырыпты зерттеуді эпиграфикалық тұрғыдан қарастыру маңыздырақ.

Белгілі ғалым Н.А. Аристовтың пікірінше Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қолданылған әріптерді қазақ таңбаларының арасынан кездестіруге болады [Аристов 1894: 411]. Ғалым қазақтың ру-тайпаларының таңбаларын жан-жақты зерттей отырып, ең көп қолданылған таңба пішіндері тек шеңбер  және қос шеңбер , жарты шеңбер  және бір түзу сызық  немесе қос түзу сызық  қатарлы байланыстырушы басты бейнелері болғандығын жазған. Бұл бейнелердің сыртында екі немесе үш сызықтары бар таңба бейнелері мынандай: , , , , , , , , , , , , . Бұл таңбалармен қатар екі түзу сызық немесе үшбұрыштардың қосындысы арқылы салынған бейнелер көбірек қолданылады. , , , , , , , , , , , , , , , , , , , ,  қосымша сызықтардан құралған тік төртбұрышты таңбалар , , , , , , , , , , , , , , , , , , ,  немесе , , , , , , , , , , ,  қатарлы бейне, пішіндерден қазақтың ру-тайпалық таңбалары ортаға шыққандығын жазған [Аристов 1894: 412]. Ғалым өз еңбегінде қазақтың ру-тайпаларының таңбаларын басқадай ғылыми зерттеулермен салыстырып зерттей келе, Түркі-Орхон әліпбиіндегі 38 белгінің 29 белгісі қазақтың ру-тайпа таңбаларымен сәйкес келетінін айтқан [Аристов 1894: 412]. Бұл зерттеушілер үшін маңызды пікір екені белгілі.

Бұл зерттеудің ерекше маңызды екендігіне тоқталған А. Сейдімбек егер, түркі әліпбиін төрт түлік малға салынатын ен-таңбалар пішінімен салыстырар болсақ, Н.А. Аристовтың ой-тұжырымы одан әрі дәлелденетіндігін айтады. Сонымен қатар қазақ ру-тайпаларының ен-таңбалары түптеп келгенде, сақ, ғұн, түркі замандарымен сабақтасып жатыр және сол кезеңдерден бастап ен-таңба қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік реттілікке қолданылған деп тұжырымдайды [Сейдімбек 2008: 646]. Жалпы, А. Сейдімбек қазақ ру-тайпаларының таңбаларын 7 типке бөліп қарастырған: 1) толық ай, жарты ай, күн немесе көз, яғни дөңгелек пішіндес; 2) тік немесе көлбеу түскен сызық түріндегі; 3) айқыш (крест), ұйқыш (свастика) немесе ашамай тәріздес; 4) бақан немесе аша бейнесіндегі; 5) тарак, босаға және абақ сұлбасындағы; 6) оқ немесе жебеге ұқсас; 7) заттар мен жан-жануарлардың типологиялық сұлбасын беретін таңбалар. Аталмыш типтердегі таңбалар қазақтың үш жүзіне кіретін руларда да, кірмейтін руларда да кездесе береді. Қазақтың негізгі ру-тайпаларының таңбалары дөңгелек пішіндес болып келеді. Бұлардың әрқайсысы негізгі таңбаға қосымша белгілер салу арқылы өздерінің даралығын айғақтаған [Сейдімбек 2008: 658].

Қазақтың ру-тайпалары арасында қолданылған таңба түрлері көне және орта ғасырлардағы жартастарға сызылған таңба түрлерімен және де кейбір археологиялық қазбалардан шығып жатқан бұйымдарда салынған таңба пішіндерімен де ұқсас келеді.



4 Нәтижелер (Сейітханұлы Ш., Самашев С.)

Алтай қазақтарының таңба-белгілері бұрын-соңды арнайы зерттеулерде қарастырылмаған. Сол себепті жаңа ғылыми жоба аясында жоспарланып, зерттеу жұмыстары енді бастау алғалы отыр. Алтайды ежелден атақоныс еткен қазақтар бүгінде Қазақстан, Ресей, Моңғолия, Қытай және Түркия аумағында (Алтайдан Анадолыға көшкен қазақтар) өмір сүруде. Алдағы екі жылда аталмыш өңірлерге археотногографиялық экспедиция жүргізіледі деп күтілуде. Әзірше тек қолда бар жазба деректерге ғана жүгіне аламыз. Шыңжаң Алтайын мекен еткен қазақтардың таңбалары қытай тарихшысы Су Бэйхайдың [Бэйхай 2001: 129–136], Түркия қазақтарының таңбалары Халифа Алтайдың [Altay 1981: 25-26], Моңғол Алтайы қазақтарына қатысты деректер Гагаа овогтой Золбаярдың [Золбаяр 2016: 18-19] еңбектерінде келтірілген. Ресей Алтайында тұратын қазақтардың таңба-белгілерін жеке-дара қарастырған еңбекті әзірше ұшырастырмадық. Шетелдік Алтай қазақтарының таңбаларына қатысты жоғарыда аталған үш еңбекті Қазақстан таңбатануында ғылыми айналымға жүрген деректермен салыстыру бізге төмендегідей нәтиже беріп отыр:











№	Ру атаулары	Моңғол деректеріндегі казак ру таңбалары	Қытай деректеріндегі казак ру таңбалары	Түркия деректеріндегі казак ру таңбалары	Қазақстан деректеріндегі казак ру таңбалары
	КЕРЕЙ				☐ + X
1	Ителі				
2	Жәдік				
3	Жәнтекей				
4	Шеруші				
5	Қарақас				
6	Молқы				
7	Шыбарайғыр				
8	Меркит				
9	Жастабан				
10	Сарбас				
11	Көнсадақ				
12	Құлтайболат				



Продолжение таблицы 1
1-кестенің жалғасы
Continuation of table 1

	НАЙМАН				
1	Терістаңбалы				
2	Сарыжомарт				
3	Бағаналы				
4	Балталы				
5	Қаракерей				
6	Матай				
7	Садыр				
8	Ергенекті				



9	Бура				±
	АРҒЫН				
	Жоғарғы шекті				
	Төменгі шекті				
	УАҚ				
	ТӨРЕ				

1-кесте – Алтай қазақтарының таңбалары
Table 1 – Symbols of Altai Kazakhs
Таблица 1 – Тамги казахов Алтая

Арнайы тоқтала кететін жайт, Су Бэйхайдың еңбегінде келтірілген Шыңжаң Алтайындағы жартастағы қазақ таңбаларының жанынан көне түркі таңбаларының кездесетіндігі. Бұл біздің осыдан бұрынғы «қазақ арасында сақталған ру атаулары мен ен-таңбаларды түркі әлеміндегі параллельдігіне қарай зерттеу – олардың түп-тамырын кем дегенде ерте ортағасырлардан алатындығын, көне түркі дәуірінде қалыптасып, сақталып келе жатқандығын көрсетіп отыр» деген тұжырымымызды растап отыр [Самашев 2023: 77].

5 Қорытынды (Сейітханұлы Ш., Самашев С.)

Дала мәдениетінен кейін «жеке меншік» ұғымы қалыптасқан кезеңнен бастап таңба пайда болды деуге болады. Таңбаның шығу кезеңін нақты анықтау бұдан да тереңірек ғылыми зерттеулерді талап етеді. Алайда таңбаның ежелгі тас дәуірінен бастау алып, қола дәуірі заманында кеңінен қолданылғаны дәлелденіп қойған. Ғалымдардың көпшілігі таңбаның шығу кезеңін қола дәуірінен басталатындығын айтады. Малды немесе қандай да бір затты өз иелігіне, меншігіне алу үшін арнайы бір белгі немесе нышан қажет болғандықтан таңба пайда болған. Әр ру-тайпаның немесе этникалық топтың өздеріне тиесілі таңбалары болғандығы белгілі.

«Таңба» сөзі қай тілден шыққандығы туралы анық дәлел жоқ. Алайда Түркі-Моңғол тілдерінде ортақ мағынада қолданылса да, сөздің түбірі, мағынасы Түркі тіліне жақын. Көне түркі тіліндегі жазбаларда «тамга», «тамқа» және «тамгашы» түрінде кездесетіндіктен «таңба» сөзінің төркіні түркі тілінен шыққан деуге толық негіз бар. Бұл сөздердің түп-төркінін анықтау және қолдану дәстүрлерін нақты зерделеу әлі де ауқымды ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Таңбаның даму жолдары тотемдік сипаттарға сәйкес және ежелгі халықтардың наным-сенімі бойынша түрлі жануарлардың суретін жартастарға, үңгір қабырғаларына салу арқылы пайда болған. Осындай бейнелерді салып үйренген ежелгі ру-тайпа адамдары кейінірек өздерінің қолданатын қару-жарақ, мүлкіне де белгі салуды әдетке айналдырған. Осылайша бұл әрекет дами



келе, малшаруашылығы дамыған дәуірде малға салынатын «ен-таңба» түрінде қолданылған, сөйтіп темірді қыздыру арқылы малға таңба басқан. Әр ру-тайпа өздерінің таңбаларын белгілеп ресми хат, жарлық, салық сияқты құжаттарға да қолданған.

Қазақтардың таңбалау жүйесінің сонау сақ, үйсін, ғұн, қаңлы, сармат, берісі ежелгі түркі мен қыпшақ сынды байырғы этносаяси бірлестіктермен генетикалық байланысы бар екенін көрсетеді. Демек, қазақтың ру-тайпалық таңбалары өзінің ежелгі кескін-бітімін күні бүгінге дейін сақтады деп айтуға әбден болады. Алайда көптеген ру-тайпалардың таңбалары өзінің әуелгі төл атауларынан ажырап қалғандығы байқалады. Бұған саяси-әлеуметтік, әсіресе, дүниетанымдық, діни, идеологиялық ықпалдардың әсер еткендігі белгілі. Мақаламызда осындай өзекті мәселелермен қатар қазақ даласы таңбаларының тарихы және ортаға шығуы, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз ру-тайпалары таңбаларының пішін-бейнесі зерттеле отырып, жаңаша көзқарастар мен пікірлер баяндалды.

Таңбалар қазақ жерінде неолиттен бастап кездеседі. Ал бұл тақырыптың зерттелуі XVII ғ. басталса, археологтар мен этнологтар 1881 жылдардан таңбаға қатысты зерттеулер жүргізгендігі туралы мәліметтер бар. Таңбаның басқа да елдерде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастағаны да осы уақытпен тұспа-тұс келеді. Орта ғасырлық қазақ ру-тайпаларының қолданған таңбалары туралы жасалған ғылыми зерттеулер санаулы ғана. Бұған түрлі идеологиялық саяси көзқарастар әсер еткені белгілі. Осы тақырыптар аясындағы зерттеулер соңғы 20-30 жылдан бері қарқынды дамып келеді.

Қазақ ру-тайпаларының таңбаларында бейне-пішін әртүрлі. Байырғы қазақ сахарасын мекен еткен заттық, дүниетанымдық, діни т.б. мағынаны білдіретін белгілермен қатар бірлік, бүтіндік, қаһармандық мағынаны білдіретін түрлі символдық белгілер қолданылған. Бүгінгі Шығыс Түркістан, Алтай өңіріндегі қазақтарда да заттық бұйымдарды білдіретін таңба-белгілер көптеп қолданылады.

ӘДЕБИЕТ

- 1 *Арғынбаев Х., Мұқанов М.С., Востров В.В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 464 б.
- 2 *Аристов Н.А.* Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и кара-киргизов, на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. 1894. Вып. 3-4. С. 391–486.
- 3 *Базылхан Б.* Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихы грамматикасы = Краткая сравнительная - историческая грамматика монгольских-казахских языков = Монгол-казах хэлний харьцуулсан-түүхэн хэлзүй. Өлгий, 1973. 172 б.
- 4 *Вяткин М.П.* Очерки по истории Казахской ССР. Л.: Госполитиздат, 1941. Т. 1. 368 с.
- 5 *Кузнецов А.О.* надписи на камне Тамгалы-Тас в пустыне Бетпак-Дала Атбасарского уезда Акмолинской губернии // Записки Семипалатинского отдела Географического общества. Вып. XVI. 1927. С. 1–3.
- 6 *Қарамендина М.* Қазақ халқының таңбалары мен ұрандары. Алматы: Арыс, 2021. 231 б.
- 7 *Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі.* Құрастырған А. Құралұлы; Жалпы редакциясын басқарған Ғ. Халықұлы. Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. 368 б.
- 8 *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.* Энциклопедия. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н. Әлімбаев. 5-том. Ө-Я. Алматы: Азия Арна, 2014. 343 б.
- 9 *Марғұлан Ә.* «Тамгалы тас» жазуы // Жұлдыз. 1984. № 1. 132–146-бб.
- 10 *Монголын казахын угсаатны зүй* (= Этнография монгольских казахов) / ред. Г. Золбаяр. Улаанбаатар: Соёмбо принтинг, 2016. 288 х.
- 11 *Самашев З., Базылхан Н., Самашев С.* Древнетюркские тамги. Алматы: Абди компани, 2010. 168 с.
- 12 *Самашев С.Қ.* Ортағасырлардағы қазақ даласы халықтарының белгі жүйесіндегі таңбалар: Философия д-ры (PhD) дәрежесін алу үшін дайын. дис.: 6D020800 - Археология және этнология; ғылыми кеңесшілер: У.У. Умиткалиев, С.Ю. Шенюрт. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. 151 б.



- 13 Самашев С.К., Сиражева Б.А. Роговые предметы с тамгообразными знаками: по материалам сянбийских погребений некрополя Берел // Археология Казахстана (Қазақстан археологиясы). 2022. № 3 (17). С. 32–42.
- 14 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. Астана: Фолиант, 2017. 728 б.
- 15 Сейітханұлы Ш., Жанықұлов Н. Қазақ ру-тайпаларының таңбалары және оларды эпиграфикалық тұрғыдан зерделеу // Отан тарихы 2024. № 27 (1). 263–282–66.
- 16 Тынышпаев М. Қазақ халқының тарихы. Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010. 125 б.
- 17 Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966. 240 б.
- 18 Akçokraklı O., Otar İ. *Kırım'da Tatar Tamgaları*. Haz: Ünver Sel, Ankara: KDKY, 1996. 56 s.
- 19 Altay H. Anayurttan Anadolu'ya. Kültür Bakanlığı, 1981. 469 s.
- 20 Alyılmaz C. Gobi Çölünde ve Altay Dağlarında Kaya Üstü Tasvirler. Yeni Türkiye Dergisi, 2002. S. 613–615.
- 21 Enveroğlu İ. Çağdaş Azerbeycan Resim Sanatında Eski Türk Damgalarının Etkisi. Yayınlanmamış Doktora Tezi. Selçuk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Konya, 2005. 108 s.
- 22 Mert O. Kemalîye'de Eski Türk İzleri: Dilli Vadisindeki Petroglif ve Damgalar // A.Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi. 2007. no. 34. S. 233–254.
- 23 Samashev S.K. *Kazakh Tamgas* // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. London & Dover: Dunkling Books, 2010. Pp. 331–340.
- 24 Somuncuoğlu S. Sibirya'dan Anadolu'ya Taştaki Türkler. İstanbul, 2008. 534 s.

REFERENCES

- 1 Argyntbaev, K., Mukanov, M. S., Vostrov, V. V. 2000. *Kazak shezhiresi hakynda (About the Kazakh genealogy)*. Almaty: "Atamura" Publ. (in Kazakh).
- 2 Aristov, N. A. 1894. In: *Zhivaya starina (Living antiquity)*, III–IV, 391–486 (in Russian).
- 3 Bazyłkhan, B. 1973. *Mongol-kazahhelnuhartsýýlsan-túúhenhelzú (Comparative grammar of Mongolian-Kazakh languages)*. Ölgi (in Mongolian).
- 4 Vyatkin, M. P. 1941. *Ocherki po istorii Kazahskoy SSR (Essays on the history of the Kazakh SSR)*. Leningrad: "Gospolitizdat" Publ. (in Russian).
- 5 Kuznetsov, A. 1927. In: *Zapiski Semipalatinskogo otdela Geograficheskogo obshchestva (Notes of the Semipalatinsk Department of the Geographical Society)*, XVI, 1–3 (in Russian).
- 6 Karamendina, M. 2021. *Kazak halkynyn tanbalary men urandary (Symbols and slogans of the Kazakh people)*. Almaty: "Arys" Publ. (in Kazakh).
- 7 Kuraluly, A. (compl.), Khalykuly, G. (ed.). 1997. *Kazak dasturli madenietinin entsiklopediyalyk sozdigi (Encyclopedic dictionary of Kazakh traditional culture)*. Almaty: "Sozdik-Slovar" Publ. (in Kazakh).
- 8 Alimbay, N. (ed.). 2014. *Kazaktyn etnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar, ven ataularynyn dasturli zhuesi (Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names)*. Encyclopedia. Vol. 5. O-Ya. Almaty: "Asia Channel" Publ. (in Kazakh).
- 9 Margulan, A. K. 1984. In: *Juldyz*, 1, 132–146 (in Kazakh).
- 10 Zolbayar, G. (ed.). 2016. *Mongolyin kazahyin ugsaatnyi zyy (Kazakhs of Mongolia: Ethnography)*. Ulaanbaatar: Soembo Printing (in Mongolian).
- 11 Samashev, Z., Bazyłkhan, N., Samashev, S. 2021. *Drevnetyurkskie tamgi (Ancient Turkic symbols)*. Almaty: "Abdi" Publ. (in Kazakh).
- 12 Samashev, S. K. 2023. *Ortagasyirlardagy kazak dalasyi halyiktarynyin belgi juyesindegi tanbalar (Symbols in the sign system of the peoples of the Kazakh steppe in the Middle Ages)*: ready to receive the degree of Doctor of Philosophy (PhD). thesis: 6D020800 – Archaeology and ethnology; scientific advisors: Umitkaliyev, U. U., Shenyurt; S. Y. Astana: Gumilyov Eurasian National University (in Kazakh).
- 13 Samashev, S. K., Sirazheva, B. A. 2022. In: *Kazakstan arheologiasy (Kazakhstan Archeology)*, 3 (17), 32–42 (in Russian).
- 14 Seidimbek, A. 2008. *Kazaktyn auyzsha tarihy (Shezhirelik derekterdi paiymdau) (Kazakh oral history (analysis of genealogical data))*. Astana: "Foliant" Publ. (in Kazakh).
- 15 Seytkhanuly, S., Zhanykulov, N. 2024. In: *Otan tarihyi (The Homeland History)*, 27 (1), 263–282 (in Kazakh).



- 16 Tynyshpaev, M. 2010. *Kazak halkynyn tarihy (History of the Kazakh People)*. Karagandy: «Bolashak» Publ. (in Kazakh).
- 17 Iskakov, A., Syzdykova, R., Sarybayev, S. 1966. *Kazak dilinin etimologiyalik sozdigi (Short etymological dictionary of the Kazakh language)*. Almaty: “Nauka” Publ. (in Kazakh).
- 18 Akçokraklı, O., Otar, İ. 1996. *Kırım’da Tatar Tamgaları (Tatar Tamgas in Crimea)*. Prepared by: Unver Sel, Ankara: KDKY (in Turkish).
- 19 Altay, H. 1981. *Anayurttan Anadolu’ya (From the Homeland to Anatolia)*. Kültür Bakanlığı (in Turkish).
- 20 Alyılmaz, C. 2002. In: *Yeni Türkiye Dergisi (New Türkiye Magazine)*, 613–615 (in Turkish).
- 21 Enveroğlu, İ. 2005. *Çağdaş Azerbeycan Resim Sanatında Eski Türk Damgalarının Etkisi (The Influence of Old Turcic Stamps on Contemporary Azerbaijani Painting)*. Unpublished Doctoral Thesis. Selcuk University Social Sciences Institute. Konya (in Turkish).
- 22 Mert, O. 2007. In: *Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi (Journal of Turkish Studies Institute)*, 34, 233–254 (in Turkish).
- 23 Samashev, S. K. 2010. In: *Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey*. London & Dover: Dunkling Books, 331–340.
- 24 Somuncuoğlu, S. 2008. *Sibirya’dan Anadolu’ya Taştaki Türkler (Turks in Stone from Siberia to Anatolia)*. Istanbul (in Turkish).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 04.09.2024.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.09.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.09.2024.





ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ LIST OF ABBREVIATIONS – СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ

АИ ҒА –	Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Ғылыми архиві. Алматы
ӘҰҒА –	Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы. Баку
ВКО –	Восточно-Казахстанская область
ИА КН МНВО РК –	Институт археологии имени А.Х. Маргулана Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан. Алматы
ИИАЭ АН КазССР –	Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова Академии наук Казахской ССР. Алма-Ата
КСИА –	Краткие сообщения Института археологии. Москва
КСИИМК –	Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях Института истории материальной культуры. Москва
ҚарУ –	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті. Қарағанды
ҚР ОММ –	Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейі. Алматы
МАИАСП –	Материалы по археологии и истории античного и средневекового Причерноморья. Нес-Циона
МИА –	Материалы и исследования по археологии СССР. Москва
МИЦАИ –	Международный институт центральноазиатских исследований. Самарканд
НА ИА КН МНВО РК –	Научный архив Института археологии имени А.Х. Маргулана Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан. Алматы
НАНА –	Национальная академия наук Азербайджана. Баку
НИЦИА «Бегазы– Тасмола» –	Научно-исследовательский центр истории и археологии «Бегазы– Тасмола». Алматы
РА –	Российская археология. Москва
СА –	Советская археология. Москва
САИ –	Свод археологических источников. Москва
СЭ –	Советская этнография. Москва
ТГЭ –	Труды Государственного Эрмитажа. Ленинград, Санкт-Петербург
ТИИАЭ АН КазССР –	Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата
ФАН –	Филиал Академии наук. Ташкент
ФИА –	Филиал Института археологии имени А.Х. Маргулана в г. Астана. Астана
ШҚО –	Шығыс-Қазақстан облысы
ЮУрГУ –	Южно-Уральский государственный университет. Челябинск
ANAS –	Azerbaijan National Academy of Sciences. Baku
ICAS –	International Institute of Central Asian Studies. Samarkand
ISIJ –	The Iron and Steel Institute of Japan. Tokyo
JAS –	Journal of Archaeological Science. Waltham, Mass



АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ SUBMISSIONS – ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

Авторлар үшін мақалаларды беруге, оларды қарау тәртібіне, рецензиялауға, материалдарды рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар мен ұсынымдарға, автор мен баспагердің өзара қарым-қатынасын реттейтін сұрақтарға қатысты барлық мәліметтер журналдың сайтында көрсетілген: archeokz.com

Ресімделуі көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін қолжазбаларды редакциялық алқа қарастырмайды!

Осы ереже журналда және журналдың сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

All information for authors regarding the submission of articles, the procedure for their consideration, review, instructions and recommendations for the design of materials, issues governing the relationship between the author and publisher are presented on the journal's website at: archeokz.com

Manuscripts whose design does not meet the specified requirements are not considered by the editorial board!

These rules come into force from the moment of publication in the journal and on the website of the journal.

Все сведения для авторов, касающиеся подачи статей, порядка их рассмотрения, рецензирования, инструкций и рекомендаций по оформлению материалов, вопросов, регулирующих взаимоотношения автора и издателя, представлены на сайте журнала по адресу: archeokz.com

Рукописи, оформление которых не соответствует указанным требованиям, редакционной коллегией не рассматриваются!

Настоящие правила вступают в действие с момента опубликования в журнале и на сайте журнала.

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ



О.В. Кузнецова – компьютерлік беттеу және дизайн
Ә.М. Манапова, Г.С. Закирияева – қазақ тіліне мәтіндерді аудару және редакциялау
Я.С. Шаяхметова, Г.А. Калдыбаева – ағылшын тіліндегі мәтіндерді редакциялау және ағылшын тіліне аудару
М.А. Антонов – карталарды дайындау және суреттерді өңдеу

Computer layout and design – Olga Kuznetsova
Kazakh translation and editing – Aliya Manapova, Gulnaz Zakiriyaeva
English translation and editing – Yana Shayakhmetova, Gaukhar Kaldybayeva
Preparation of maps and illustrations processing – Mikhail Antonov

Компьютерная вёрстка и дизайн – О.В. Кузнецова
Перевод на казахский язык и редакция текстов – А.М. Манапова, Г.С. Закирияева
Перевод и редакция текстов на английском языке – Я.С. Шаяхметова, Г.А. Калдыбаева
Подготовка карт и обработка иллюстраций – М.А. Антонов

Түпнұсқа макет Ә.Х. Марғұлдан атындағы Археология институтында дайындалды
050010 Алматы қаласы, Достық даңғылы, 44
Баспаға 30.09.2024 жылы қол қойылды. Пішім 84×108 1/16
Шартты б. т. 28,98. Times New Roman гарнитурасы.

Original layout prepared at the Margulan Institute of Archaeology
050010 Almaty, Dostyk Ave., 44
Signed to print 30.09.2024. Format 84×108 1/16
Printed sheet 28,98. Times New Roman headset

Оригинал-макет подготовлен в Институте археологии им. А.Х. Маргулана
050010 г. Алматы, пр. Достык, 44
Подписано в печать 30.09.2024 г. Формат 84×108 1/16
Усл. п. л. 28,98. Гарнитура Times New Roman.

“Хикари” баспаханасында басылған
Отпечатано в типографии «Хикари»
Printed in the printing house «Hikari» hikari.kz24.online

16+